БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 197 (9515) | 1954 жылғы 3 октябрь Жексенбі | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қытай Халық Республикасының бес жылдығы (1-бет).

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ: **З. Қаскеев.** —Комсомолдар мереке қарсаңында. **П. Ткаченко.** —Жас механизаторлар жарысы. (2-бет).

ҚАЛАНЫҢ СЕЛОҒА КӨМЕГІН КҮШЕЙТЕ БЕРЕЙІК: **А. Голозубов.** —Колхоздар үшін астық қоймалары. **А. Балашов.** — Заводтың селоға көмегі (2-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ: **Дм. Конычев.** —Павильон-заводтар (2-бет).

ЗЯБЬ ЖЫРТУ ҚАРҚЫНЫ ЕСЕЛЕП АРТТЫРЫЛСЫН: **М. Назарин.**— Мереке құрметіндегі жарыс. **А. Личман.** — Соколов МТС-дегі төзгісіз жағдай (3-бет).

В. Долганов. —Жаңа —1955 жылға баспасөзге жазылуы ісі ойдағыдай жүргізілсін (3-бет).

К. Есимов. —158-ші километрдегі участок (3-бет).

М. Правдин. —Эстрада шеберлерінің концерті (4-бет).

ФЕЛЬЕТОН: **Т. Есілов, С. Әлімов.** «Таяқ жемейін десең арақ бер» (4-бет).

А. Я. Вышинскийдің БҰҰ Бас Ассамблеясының председателіне жолдаған хаттары (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары

Қазір облысымыздың барлық аудандарында, колхоз, совхоз, МТС партия ұйымдарында және мекеме партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жыйналыстары өтіп жатыр. Есеп беру-сайлау жыйналыстары партия ұйымдарының өміріндегі зор оқыйға және партиялық Демократия принципінің дәйектіліктен жүзеге асырылуының сыпаттамасы болып табылады.

Сол себепті есеп беру-сайлау жыйналыстарын зор ұйымшылдықпен өткізу, онда принципті сын мен өзара сынды кеңінен өрістету, жұмыстағы кемшіліктердің бетін батыл ашу, сейтіп, партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмысты онан әрі жақсарту жөнінде қажетті шаралар белгілеу партия ұйымдарының алдында тұрған зор міндеттердің бірі болып отыр. Коммунистердің өздеріне СОКП Уставы берген сайлау және сайлану құқуларының жүзеге асырылуы толық қамтамасыз етілуге тиіс.

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарында талқыланатын негізгі мәселелер: СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, июнь Пленумдарының қаулыларының орындалуы жөнінде, селодағы партиялық-саяси жұмыстың жайы жөнінде, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролі және басқа осы сияқты маңызды мәселелер болып табылады. Есеп беру-сайлау жыйналыстары сын мен өзара сын ұранымен, Жеңіліс-саяси жоғары дәрежеде өту үшін оған жан-жақты әзірлік жұмыстарын күні бұрын жүргізу қажет. Осындай болған күнде ғана коммунистердің жыйналысқа белсене қатысуына мүмкіндік болады.

Бұл талап бірқатар жерлерде ойдағыдай жүзеге асырылуда. Мәселен, Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозы партия ұйымы есеп беру-сайлау жыйналысына күні бұрын әзірленіп, оны ұйымшылдықпен өткізді. Партия бюросының есебінде партия ұйымы мен колхоз өмірінің мәселелері жан-жақты қамтылды. Аудандық партия комитетінің қызметкерлері есеп беру-сайлау жыйналысына әзірлік мәселесіне қажетті көмек көрсетті.

Осының нәтижесінде колхоз коммунистері есеп беру-сайлау жыйналысына түгел қатнасын, партия ұйымының жұмысына жан-жақты талдау жасады. Партия ұйымы колхоз өндірісінің ұйтқысы болып келіп, ісіне ұйымдастырылған. Міне, бұл кемшіліктер жөнінде баяндамада ештеңе айтылмады. Сондықтан жыйналыста коммунистердің белсенділігі төмен болды. Партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысын бұлай өткізуге тіпті де болмайды.

Қазіргі міндет—есеп беру-сайлау жыйналыстарын барлық жерлерде коммунистердің зор белсенділігімен өткізуге жетісу болып табылады. Колхоз, совхоз, МТС партия ұйымдары колхозшы шаруалар мен жұмысшыларды және басқа қызметкерлерді ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкмет белгілеп берген программаны ойдағыдай жүзеге асыру күресіне жұмылдыруға тиіс. Бұл міндетті орындауда кейбір партия ұйымдарының жұмысы өскелең міндеттердің дәрежесіне сай болмай отыр. Басты кемшілік мынада: колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс мазмұнды ұйымдастырылмай, ол шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай келеді. Тіпті кейбір жерлерде үгіт коллективтерінің жұмысы бетімен жіберілген. Осының салдарынан бірқатар колхоздар мен совхоздарда, МТС-терде еңбек тәртібі төмен, техника күші толық пайдаланылмай отыр. Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарында жоғарыда атылған кемшіліктерді дереу жоюды, селодағы партиялық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырудың, колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің еңбекке деген жігерін есеппен арттырудың нақтылы шаралары айқын белгіленуге тиіс.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарында партия ұйымының ішкі жұмысының жайына да ерекше назар аудару қажет. Әуелде коммунистердің тәрбие мектебі—партия жыйналысын идеялық-саяси жоғары дәрежеде өткізуге, онда ауылшаруашылық өндірісі мен партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың толғаны жеткен мәселелерді талқылау, коммунистердің маркстік-ленриндік білімдерін арттыру, олардың еңбекте өнеге көрсете беруіне жетісе беру, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау жөнінде болып отыр.

Принципті сын мен өзара сын біздің жұмысымыздағы кемшіліктерді батыл ашып, ол кемшіліктерді кезінде жоюдың өткір құралы болып табылады. Олай болса, есеп беру-сайлау жыйналыстарында

Қытай Халық Республикасының бес жылдығы

Пекиндегі парад және мерекелік демонстрация

ПЕКИН, 1 октябрь. (СОТА). Бүгін, Қытай астанасының үстінде таң ата бастаған кезде ақ мейрам күнгі көңілді әуәгімелер, музыка үндері, әндер Пекиннің көшелерін кернеп кетті. Барлық жерде де халықтық Қытайдың бес жыл ішінде қол жеткен орасан зор жеңістерін баяндайтын жалаулар, ұрандар, плакаттар ілінген.

Пекиннің орталығы — Тяньаньмын алаңы мейрамдағыдай безендірілген. Орталық трибунада —Мао Цзэ-дунның портреті және «Қытай Халық Республикасы жасасын!», «Бүкіл дүние жүзі халықтарының ұлы бірлігі жасасын!» деген ұрандар. Бүкіл алаңды жарқыратқан жалаулар мен туар желбіреп тұр.

Халық-азаттық армиясының бөлімдері, Соғыс Академиясының тыңдаушылары, әртүрлі соғыс училищелерінің курсанттары алаңға келіп сап түзеуде. Трибуналарда— Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелері, әртүрлі демократиялық партиялардың басшылары, халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының депутаттары, үкмет мекемелерінің жауапты қызметкерлері, кәсіподақ, кастар және басқа қоғам ұйымдарының өкілдері, Еңбек Ерлері, Халық-азаттық армиясының Батырлары, көрнекті ғалымдар, әдебиет пен искусство қызметкерлері.

Трибуналарда дипломатиялық корпустың мүшелері, Кореяда жауға қарсы шайқасқан Қытай Халық еріктілерінің делегациясы, сонымен қатар, советтік мәдениет қайраткерлері делегациясының мүшелері, ССРО-дағы экономикалық және мәдени құрылыстың табыстарын көрсететін көрменің қызметкерлері, Игорь Моисеев бастаған ССРО халық биі мемлекеттік ансамблінің артистері, Польшадан, Румыниядан, Герман Демократиялық Республикасынан, Чехословакиядан, Индиядан, Индонезиядан, Бирмадан және басқа елдерден келген көптеген мәдениет және жұртшылық делегациялары қатысып отыр.

Сағат 10. Жыйналғандардың бәрі Тяньаньмын орталық трибунасына бар ынтасымен қарап тұр. Қытай Халық Республикасының Председателі Мао Цзэ-дунның, ҚХР Председателінің Орынбасары Чжу Дәнің, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы Тұрақты комитетінің Халық-азаттық армиясы бүкіл халықпен бірге еліміздің өткен бес жыл ішінде қол жеткен ұлы табыстарын қызу атап өтуде, бірінші сайланған халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы бірінші сессиясының ойдағыдай аяқталғанын, Қытай Халық Республикасы Конституциясының қабылданғанын және мемлекеттің жаңа басшы органдарының құрылғанын атап өтуде.

Өткен бес жылдың ішінде біздің ұлы Отанымыз Қытай Коммунистік партиясына, Орталық Халық Үкметінің және Председатель Мао Цзэ-дунның басшылығымен, социализм орнату және социалистік өзгерістер жасау жолымен алға баса отырып, саясат саласында да, сондай-ақ экономика мен мәдениет саласында да орасан зор табыстарға жетті. Еліміздің халқының материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесі арта түсті.

Кореяда соғыс қыймылдарының тоқтатылуы және Индо-Қытайда бейбітшіліктің қалпына келтірілуі біздің халқымыздың Ұлы Совет Одағымен, халықтық-демократия елдерімен, барлық бейбітшіл көршілес мемлекеттермен, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінің барлық бейбітшіл елдерімен және халықтарымен бірге, Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы күресте, халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресте аса зор табыстарға жеткенін көрсетеді. Біздің елдің барлық бейбітшіл мемлекеттермен бейбіт ынтымақ қатынастары күннен-күнге нығая түсуде. Жалпыға бірдей сайлау негізінде бірінші рет сайланған халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналыстың бірінші сессиясы негізінде осы жылғы сентябрьдің 15-нен 28-не дейін болып өтті.

Председатель Мао Цзэ-Дунның атап көрсеткеніндей, «біздің кәзіргі сессиямыздың тарихи ұлы маңызы бар. Бұл — 1949 жылы республика болып құрылған кезден бері біздің халқымыз жеткен жаңа жеңістер мен жаңа табыстарды бейнелейтін кезең. Осы сессияда жасалып, қабылдануға тиісті Конституция біздің елімізде социализм ісін едәуір ілгері бастырады».

ҚХР Конституциясында «Қытай Халық Республикасының қарулы күштері халықтікі» деп жазған, өздің армиямыз халыққа қызмет ететін өзінің данқты дәстүрлерін сақтап, халық-азаттық армиясының басшы кадрларының басты мектебі—соғыс академиясының тыңдаушылары бастады. Парадқа әскерлердің барлық түрдегі бөлімдері қатысты.

Гүрілдеген моторлардың үнімен алаңға қаһарлы жауынгерлік техника келе бастаған кезде, әуеде истребительдер әскартын қасына ерткен төрт моторлы флагман кораблі көрінді. Әуе парады басталды. Биік аспанда звено болып сап түзеген ауыр бомбардировщиктер, ауаны қақ жарып зымыран ұшқан шапшаң реактив-истребительдер ұшып өтті.

Қытай Халық-азаттық армиясы жасасын!

Парад аяқталды. Сағат 11-де демонстрацияшылардың колонналары келе бастады. Пекин еңбекшілерінің мерекелі демонстрациясын 1300 ту ұстаушылар бастады. Бұлардың ең алдында Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Гербі жоғары ұсталған. Бес жұлдызды алқызыл тулар бүкіл алаң арқылы баяу аққан толқындай желбіреп өтті. Демонстрацияшылар Мао Цзэ-дунның, Чжу Дәннің, Лю Шао-цидің, Чжоу Энь-лайдың, Чэнь Юннің, Сунь Ят-сеннің портреттерін, Маркстің, Энгельстің, Ленниннің Сталиннің портреттерін, Совет Одағының партиясы мен Үкметі басшыларының портреттерін, туысқан Коммунистік және жұмысшы партиялары басшыларының портреттерін ұстап келеді.

Алаңға социализмнің болашақ құрылысшылары —пионерлер лық толды. Жыйналғандардың бәрі бұларды қызу қолшапалақтап қарсы алды. Пионерлердің қолдарынан алуан түсті жүздеген шарлар аспанға көтеріліп, әуеге ұшырылған көгершіндер күн сәулесін бір сәттей жауып кетті.

«Қытай Халық Республикасы жасасын!», «Бейбітшілік жасасын», «Мао Цзэ-дун жасасын!» деген жастардың ашық үндері естілді.

Пекин жұмысшыларының колонналарын қытай теміржолшыларының даңқты отряды бастап келеді. Бұлар өздерінің игілікті бейбіт еңбекте жеткен табыстарын бейнелейтін көптеген диаграммалар, транспоранттар ұстап келеді. Шицзин шань металлургия заводының, Чансинь-

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің экскурсанттары үшін

Күн сайын Москваға Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің мыңдаған экскурсанттары келеді. Олардың көпшілігі темір жол транспортының қызметімен пайдаланады. Әсресе, Қазан, Курск, Киев, Белорус және Ярослав вокзалдарына ауыл шаруашылығының көптеген қызметкерлері келеді. Экскурсанттар үшін поездарда плацкартты және купелі вагондар бөлінген.

Вокзалдарда экскурсанттарға қызмет көрсету үшін қосымша билет кассалары және күту залдары ашылды. Экскурсанттардың қайтар жолы үшін билеттер, олар астанаға келіп түскен күні вокзалда қолдарына тапсырылады.

Август және сентябрь ішінде теміржолшылар Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне экскурсиялық путевкалары бар 190 мыңға жуық адам жеткізді. Көптеген экскурсанттар шағым және ұсыныс кітаптарында теміржолшыларға олардың жақсы қызметі үшін алғыс жариялаған.

Қырғызстандағы политехникалық институт

ФРУНЗЕ, 1 октябрь. (СОТА). Бүгін Қырғызстанның жаңа жоғарғы оқу орны —Фрунзе политехникалық институтында сабақ басталды, бұл институт Қырғыз университеті техникалық факультетінің негізінде құрылған болатын.

Бұл —Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін халқының жазбаша жазуы болмаған таулы өлке —Қырғыз республикасында ашылған онбірінші жоғарғы оқу орны.

Жаңа институтта төрт факультет — кен, химико-технологиялық, энергетикалық және құрылыс факультеттері бар.

Надым балықшыларының табысы

НЫДА, (Ямал-Ненец автономиялық округі), 1 октябрь. (СОТА). Надым ауданының колхоздары мен мемлекеттік балық аулау орындарының балықшылары балық аулау жөніндегі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды аяқтады, сейтіп олар мемлекетке өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 28 мың пұт балық артық тапсырды.

Молотов атындағы Кутопьюган балық аулау колхозы ең жақсы нәтижеге ие болды, оның көрсеткіші жылдық тапсыр-

отыр. Бұнда артель табысы екі миллион сомға жетпек. Үстіміздегі жылы колхоз жүк машинасын, электр станциясын, [illegible] мың сомға дөн тазартатын машина сатып алды. Коммунистер қол жеткен табыстарға сын көздерімен қарап, артель өнімінің ұйымдастыруда орын тепкен елеулі кемшіліктерге баса назар аударды. Олар колхоздың егін шаруашылығын өркендетуде әлде де артта қалып отырғанын атап көрсетті. Партия ұйымы колхозшы шаруалар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысқа жете назар аудармады. Партия жиналыстарында партиялық-саяси жұмыс пен колхоз өндірісінің түйінді мәселелері сирек талқыланды. Коммунистер партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасап, партия бюросының жаңа құрамын сайлады. Осы сияқты Булаев ауданының «Страна советов» колхозы және басқа бірқатар партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары коммунистердің зор белсенділігімен өтті.

Дегенмен, кейбір жерлерде партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарын өткізуде елеулі кемшіліктер де кездеспей отырған жоқ. Жасыратыны жоқ, кейбір партия ұйымдары есеп беру-сайлау жиналысына жеңіл-желпі қарап, оған алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізбеді. Мәселен, Булаев аудандық денсаулық сақтау бөлімі партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысында партия ұйымының секретары Серков жол дастың жасаған баяндамасында ұйымның алдында тұрған міндеттер толық ашылмады. Аудандық денсаулық сақтау бөлімі еңбекшілерді медициналық қамтуға, әсіресе, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде жаңадан ұйымдасқан совхоздарда медициналық пункттердің жұмыстарын жақсартуға жетісе алмай келеді. Дәрігерлер арасында саяси-тәрбие жұмысы жет-

коммунистердің сын мен өзара сынды кеңінен өрістетуіне, сөйтіп, біздің жұмысымызға бөгет жасайтынның бәріне қарсы күрес жүргізуіне бюрократтық кеңсешілдік әдеттен арылмаған басшыларды батыл сынауға жетісу қажет. Жиналыста механизатор, егінші, мал өсіруші сияқты қатардағы коммунистердің сөз сөйлеуіне мүмкіндік жасап, олардың сын пікірлері мен ұсыныстарына назар аудару керек. Кейбір жерлерде тек басшы коммунистердің сөз сөйлеуі дағдыға айналып, қатардағы коммунистер тыс қалып келеді. Бұл дұрыс емес. Төменнен көтерілген сын мен өзара сын жұмысты дұрыс ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірінен саналады.

Бұл күндері әрбір ауыл-селода ауылшаруашылық жылын үлгілі аяқтау мақсатына бағытталған жұмыстар қызу жүргізілуде. Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарында мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындау, мал қыстату маусымына үлгілі әзірлену, зябь жырту жұмысының қарқынын күшейту міндеттерінің аброймен орындалуының мәселелері жан-жақты талқыланып, бұл жөнінде қажетті шаралар жүзеге асырылуға тиіс.

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарында коммунистер аудандық партия комитеттерінің жұмысы жөнінде де сын ескертпелер жасайтыны мәлім. Сондықтан есеп беру-сайлау жиналыстарында айтылған сынды толық ескеріп, онан қорытынды жасау—аудандық партия комитеттерінің абройлы ісі.

Облысымыздың барлық колхоз, совхоз МТС және мекеме партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстарын ұйымшылдықпен, идеялық жоғары дәрежеде өткізіп, шаруашылық пен мәдени құрылыстың барлық саласына партия басшылығын жақсарта берейік!

Машина-трактор паркін күзгі-қысқы жөндеу қарсаңында

Кеше Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы Министрлігінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының бас инженерлерінің, республиканың жөндеу механикалық заводтарының директорлары мен бас инженерлерінің үш күнге созылған кеңесі аяқталды. Кеңес МТС-тер мен заводтардың машина-трактор паркін күзгі-қысқы жөндеуге әзірленуінің қорытындысын талқылады.

Тың және тыңайған жерлердің игерілуіне байланысты Қазақстанның МТС-тері көптеген жаңа ауылшаруашылық техникасын алды. Трактор паркі үштен бірінен аса, комбайн паркі—екі еседей дерлік көбейді. Топырақ өңдейтін құралдардың, гүкым себетін және басқа машиналардың саны екі- үш есе көбейді.

Машина-трактор паркін күзгі-қысқы жөндеу жұмыстары МТС-тердің 479 мастерскойында, оның ішінде 180 күрделі мастерскойда өрістетіледі. Тағы 76 күрделі типті мастерскойлар салынып жатыр. Жөндеу жұмысына 16 жөндеу механикалық завод және екі ауданаралық жөндеу мастерскойлары қатысуда.

Күзгі-қысқы жөндеу жұмысы қарсаңында МТС-тің мастерскойлары жүздеген жаңа токарьлық, бұрғылау, жону, фрезерлік, шлифовка жасау станоктарын, жаңа алмас жоңғыш және хонинг станоктарын алды. Бұл бұрын заводтарда істелген жұмыстарды кәзір МТС-терде кеңінен жүргізуге мүмкіндік туғызады. Барлық МТС-терде жөндеудің торлантық әдісі енгізілуде. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының запас бөлшектерін дайындауға республиканың 15 ірі өнеркәсіп орны қатысуда.

Кеңес зор көлемді жөндеу жұмыстарын ойдағыдай орындауға бағытталған шаралар белгіленді. Жөндеудің прогрессіл тәсілдерін қолдануға, озат тәжірибені таратуға және жөндеуші жұмысшыларды дұрыс пайдалануға ерекше көңіл бөлінді.

(ҚазТАГ).

Советтің премьері Чжоу Эн-лайдың, Мемлекеттік Совет премьерінің орынбасары Чэнь Юннің және Қытай Үкметі мен Компартиясының басқа басшыларының, сонымен қатар Совет Үкмет делегациясының басшысы Н. С. Хрущевтың, делегациясының мүшелері Н. А. Булганиннің, А. И. Микоянның, Н. М. Шверниктің, үкмет делегацияларының басшылары: Поляк Халық Республикасынан —Болеслав Беруттың, Корей Халық Демократиялық Республикасынан —маршал Ким Ир Сеннің, Румын Халық Республикасынан — Георге Апостолдың, Монгол Халық Республикасынан — Самбудың, Чехословак Республикасынан —Вацлав Копецкийдің Венгер Халық Республикасынан — Андраш Хедедюштің, Герман Демократиялық Республикасынан —Лотар Больцтің, Болгар Халық Республикасынан —Райко Дамяновтың, Вьетнам Демократиялық Республикасынан —Хонг Мин Зиамның, Албан Халық Республикасынан — Бехар Штюллдің, сондай-ақ, үкмет делегацияларының мүшелерінің трибунаға келуін алаңға жиналғандар ду қолшапалақтап қарсы алды.

Пекин қаласының мәрі Пын Чжэнь мейрамның басталғанын жариялады. Оркестр Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындады. Мейрам құрметіне берілген артиллерия салюті салтанатпен естілді. Салюттің дүрсілі басылысымен-ақ, Тяньаньмын алаңында тұрған әскерлер «тыныштылықтар» деген команда бойынша жүйін жазбай тұра қалды. Алаңға ҚХР Қорғаныс министрі генерал Пын Дә-хуай келді, ол парадтың командашысы генерал Ян Чэнь-удың рапортын қабылдап, онымен бірге әскерлерді аралап, оларды ұлттық мейраммен—Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толуымен құттықтады. Парадқа қатысушылар Пын Дә-хуайдың құттықтауына жауап берген күшті «ура» бүкіл алаңды жаңғырықтырды.

Әскерлерді аралап болғаннан кейін, генерал Пын Дә-хуай трибунаға көтеріліп, мерекелік бұйрықты оқыды:

«Жолдастар, Қытай Халық-азаттық армиясының жауынгерлері мен командирлері!

Бүгін біз ұлы мерекені —Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толуын мейрамдап отырмыз. Қытайдың

түрлерін одан былай да дамытып, үкметті қолдап отыруға, халықтың мүдделерін қорғауға, Конституция мен заңдарды үлгілі орындауға, қоғамдық тәртіпті қолдап отыруға және қоғамдық моральдың нормаларын құрметтеуге тиіс.

Конституцияда былай деп көрсетілген: «Халықтық революцияның жеңістерін және мемлекеттің құрылыс саласындағы табыстарын қорғау, елдің суверенитеті мен территориясының бүтіндігін және хауіпсіздігін қорғау» Қытай Халық Республикасы қарулы күштерінің қасиетті міндеті болып табылады. Сондықтан Тайваньды азат ету үшін күресу Қытайдың Халық-азаттық соғысының әлі аяқталмаған міндеті болып табылады. Тайваньды азат ету —Қытайдың Халық-азаттық армиясына жүктелген құрметті міндет. Біздің армиямыз еліміздің халқына бүтіндей сүйеніп, өз күштерін еселеп арттыра отырып, Тайваньды американ империализмі мен Чан Кай-шидің сатқын тобырының үстемдігінен азат етуге қайткенде де жетуге және бұл мақсатқа қашан қол жеткенге дейін күресті тоқтатпауға тиіс. Бұл күресіміз әділетті күрес болып табылады. Сондықтан да біз жеңіске сөзсіз жетеміз.

Тайваньды азат ету еліміздің қасиетті территориясы жөнінде империализм тарапынан жасалуы ықтыймал агрессиялық әрекеттерге жол бермеу мақсатымен, сонымен қатар бейбіт құрылысты қамтамасыз ету, Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету мақсатымен бұйырамын: әрқашан да жауынгерлік әзірлікте болыңдар, жауынгерлік және саяси әзірліктің күшейте беріңдер, қуыштай берік, біртұтас жігерді нығайтыңдар, социалистік саналылықты арттырыңдар, Совет Армиясының бүкіл озат тәжірибесін барынша зерттеп үйреніңдер, кәзіргі заманғы урыс жүргізу өнерін меңгеріңдер, революциялық ерлікті дамытып отырыңдар, бұйрықтарға бағыныңдар, тәртіпті сақтап, әскери тапсырманың қандайын болса да ойдағыдай орындау үшін күресіңдер!

Қытай Халық-азаттық армиясы жасасын!

Қытай Халық Республикасы жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің ұйымдастырушысы—Қытай Коммунистік партиясы жасасын!

Қытай халқының ұлы көсемі председатель Мао Цзэ-дун жасасын!».

10 сағат 30 минутта салтанатты

машина жасайтын бірінші заводтың, ауылшаруашылық машиналар жасау заводының және Қытай Халық Республикасы астанасының басқа да көптеген кәсіпорындарының жұмысшылары келе жатыр. Бұлардың бәрі де 9 айдың жоспарын асыра орындағаны туралы рапорт беруде. Колдарына кен қазатын балғаларын ұстап, Цзинский көмір кендерінің шахтерлері өтіп барады. Пекиннің бірінші тоқыма фабрикасының тоқымашылары астананың жақында ғана іске қосылған осы өнеркәсіп орны шығарып жатқан мақта-маталарының түрлі үлгілерін ұстап келеді.

Тяньаньмын алаңына Пекиннің екінші тоқыма фабрикасының құрылысшылары, көптеген заводтардың, фабрикалардың, мектептердің, институттардың, тұрғын үйлердің, мемлекеттік мекемелердің құрылысшылары келіп кірді.

Демонстрацияға қатысушылар ұстаған транспоранттарда Қытайдың социализм орнатуына көмектесіп отырған туысқан халықтарға сәлем жолдаған жылы шырайлы сөздер жазылған. Қытай мен Совет Одағының ұлы халықтарының мызғымас мәңгі достығының құрметіне ұрандар айтылды.

Демонстрацияшылар қытай халқының өткен бес жыл ішінде мәдениет саласында жеткен зор табыстарын баяндайтын панноллар мен диаграммалар ұстап келеді.

Астана еңбекшілерінің осы асқан зор демонстрациясы үш сағаттан аса уақытқа созылып, оған 500 мыңнан аса адам қатысты. Демонстрация жаңа жеңістерге жету үшін, Қытайда социализм орнату үшін, өзінің бақытты тұрмысы үшін еңбек етуге берік бел байлаған қытай халқының бірлігі ұранымен, еңбекшілер бұқарасының Қытай Коммунистік партиясы мен Халық Үкметінің төңірегіне топтасқанын бейнелейтін ұранмен өтті. Пекин еңбекшілерінің мейрам күнгі салтанатты жүрісі қытай халқының ежелгі Қытай территориясы Тайвань аралын азат етуге және Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту үшін күресуге мызғымас жігермен бел байлаған қуатты демонстрациясы болды.

Кешкіліктө прожекторлардың сәулесімен жарқыраған Тяньаньмын алаңында халықтың жаппай серуені болды.

норманы 128 процент орындаған Перкаганың балықшылар бригадасы ерекше көзге түсті. Анугурчи, Тибичи, Салиндер, Сверчковаңың бригадалары жылдық жоспардан тыс жүздеген пұт балық тапсырды.

Село еңбекшілері—көпшілік кітапханаларына сырттай абонеттері

ТБИЛИСИ, 1 октябрь. (СОТА). Грузия ауыл шаруашылығының көптеген жаңашылдары соңғы уақытта Карл Маркс атындағы көпшілік кітапханасының сырттай абоненттері болды. Кітапхана кітапханааралық абонент бойынша республиканың жүзден астам аудандық, селолық кітапханаларын кітаптармен жабдықтайды. Жыл басынан бері селоларға мыңнан астам кітаптар жіберілді.

Аджар АССР-ның А. Цуретели атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы да селолық мамандар және колхозшылармен тығыз байланыс жасап отырады. Аджария ауыл шаруашылығының ондаған еңбекшілері кітапхананың сырттай абоненттері болып табылады.

Күзгі-қысқы маусымға арналған аяқкиімдер

ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігінің кәсіпорындары күзгі- қысқы киімдер ассортиментін жаппай шығаруға кірісті. Жылы астарлы аяқкиімдер тігу ұлғайтылуда. Лакті терілерден, замшадан, шевродан әйелдердің әдемі туфлилерін тігу өнеркәсіпке кеңінен енгізілуде.

Москваның «Парижская коммуна» фабрикасы жылы астарлы жаңа фасонды әйелдер ботинкаларын тігуді бастады, бұл ботинкалардың үстінде фигуралы өрнектер және түрлі формалы қайырмалар бар. Мұндай аяқкиімдердің бір күнде 1,8 мың пары дайындалады. Сонымен қатар түрлі- түсті терілермен көмкерілген әйелдердің модельді аяқкиімдерін шығару онан әрі жүргізілуде. Кәсіпорындар аласа өкшелі модельді туфлилерден күніне 900 пар шығарады.

(СОТА).

Лекторлар семинары

ОДЕССА, 1 октябрь. (СОТА). Одесса облыстық партия комитеті шақырған лекторлардың төрт күндік семинары аяқталды. Облыстық, қалалық және селолық аудандарының 300-ге жуық лекторлары ғылми- атеистік тақырыптарда бірқатар лекциялар тыңдады.

Саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының мүшелері лекциялар оқыды. Семинарға қатысушылар ғылми- атеистік тақырыптарда лекция оқуға дайындалу және оқу тәжірибелері жөнінде пікір алысты, обсерваторияға экскурсия жасады, бірқатар ғылми фильмдер көрді.

Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толуына арналған Прагадағы салтанатты кеш

ПРАГА, 1 октябрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі былай деп хабарлайды: 30 сентябрьде Прагада Сметана залында Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толуына арналған салтанатты кеш болған. Кешке мына адамдар қатысқан: Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный, премьер-министрдің бірінші орынбасары Яромир Долансский, Министрлер, кәсіподақтарының Орталық Советінің, чехословак армиясының өкілдері, мәдениет, ғылым және искусство қайраткерлері.

Кешті сол сияқты, Қытай Халық Республикасының Чехословакиядағы елшісі Тань Си-линь, ССРО-ның Чехословакиядағы елшісі М. Н. П. Пирюбин және дипломатиялық корпустың басқа мүшелері болған.

Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толуы туралы финанс министрі Юлиус Дюриш сөз сөйлеген.

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

КОМСОМОЛЕЦТЕР МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

СССР Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы» қаулысын орындауда қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артелінің коллективі айтарлықтай табыстарға ие болып келеді.

Артель коллективі үстіміздегі жылы москвалықтардың үлгісі бойынша социалистік жарысқа ұштасып, жылдық өндірістік жоспарды 5 декабрьде орындауға, еңбек өнімділігін 5 процент арттыруға міндеттенген болатын. Олардың сөзіне іс сай. Социалистік жарысты кеңінен өрістетудің нәтижесінде артель коллективі 9 айлық өнім шығарудың жоспарын асыра орындады. Жоспар бойынша олар 2.727 мың сомның өнімін шығаруға тиісті болса, ол 2.741 мың сом болып орындалды. Мұның өзі социалистік міндеттеме 100,5 процент, ал, өндірістік жоспар 108,5 процент орындалды деген сөз. Сөйтіп, өткен 9 айда артель коллективі жоспардан тыс 216 мың сомның өнімін артық өндіруге жетісті. Тек қана сентябрь айында мектеп оқушылары үшін 800 пардың орнына, 1200 пар аяққиім шығарылды. Ал, әрбір жұмысшының еңбек өнімділігі орта есеппен жоспардағыдан 0,6 процент артты.

Артель коллективінің мұндай табыстарға ие болуы социалистік жарыстың кеңінен өрістеуінің нәтижесі. Артель мүшелерінің басым көпшілігі —комсомолцтер мен одақта жоқ жастар. Комсомол ұйымы (секретары Абросимов жолдас) бастауыш партия ұйымының басшылығымен жас жұмысшыларды артель алдында тұрған міндетті орындауға ойдағыдай жұмылдыруда.

Комсомол ұйымы цехтар мен бригадалар және жеке жұмысшылар арасында социалистік жарысты ұйымдастыру, еңбек өнімділігін арттыру мәселелеріне зор назар аударуда. Артельде 9 цех бар. Олардың барлығы да өзара жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, оны орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Жарыста, әсресе, Сахно жолдас басқарған № 8 цех, комсомолец Абросимов жолдас басқарған № 4 цех, коммунист Филипченко жолдас басқарған № 9 цех алда келеді.

Мысалға, № 8 цехты алайық. Бұл цехтың коллективі комсомолцтер мен жастар. Цех 9 айлық жұмыс жоспарын мерзімінен бұрын 114,5 процент етіп орындады. Ал, жекелеген жұмысшылардың көрсеткіштері бұдан да жоғары. Етікші комсомолец Журба жолдас 9 айлық өнім өндірудің жоспарын 282 процент орындап, социалистік жарыста артель бойынша бірінші орынға ие болды. Сол сияқты, етікші комсомолец Хамидуллин жолдас та өзінің 9 айлық тапсырмасын 149 процент орындады.

Сол сияқты, артель цехтарының жарысында № 4 цехтың коллективі де жаңа табыстарға ие болды. Цех коллективі социалистік жарыста алған міндеттемелерін асыра орындағаны үшін өткен айда артель басқармасы және партия, кәсіподақ ұйымдарының ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алған еді. Жас жұмысшылар Қызыл Туды берік ұстап келеді. 9 айлық жоспарды мерзімінен екі күн бұрын 114,4 процент орындады. Өнімнің сапасы да анағұрлым жақсарды.

Бұқаралық саяси жұмыс өндірістік міндеттерді ойдағыдай орындау мақсатына арналып отыр. Комсомол ұйымы саяси жұмысқа белсене қатысады. Артельде 16 үгітші болса, олардың тең жартысы комсомолцтер. Үгітшілермен ай сайын семинар кеңесі өткізіледі. Семинарларда бұқаралық саяси жұмыстың түрлері мен әдістері жөнінде үгітшілер нұсқау алады.

Бұқаралық саяси жұмысты жүргізуде әсресе, үгітші комсомолцтер Сутюшева, Мостовщикова жолдастар коллективтің құрметіне бөленіп отыр. Олар өнтімелерді мазмұнды, коллективтің өмірімен байланыстырып өткізеді. Мұнымен бірге олар көркем әдебиет кітаптардан үзінді оқуды кеңінен қолданады. Айына үш рет жауынгерлік листоктар шығарады. Онда озат жұмысшылардың жұмыс тәжрибелері кеңінен насихатталады.

Артельде айына бір рет шығатын «Стахановец» атты қабырға газеті бар. Онда артель өміріндегі жаңалықтар жазылып тұрады. Озат жұмысшылардың тәжрибелері насихатталады. Мұнымен бірге әрбір цех және бригадаларда көрсеткіш тақталары ұйымдастырылған. Тақталарға бес күн сайын социалистік жарыстың қорытындысы жазылады, әрбір жұмысшының айына қанша ақшалай еңбекақы алғаны көрсетіледі.

Артель коллективі үшін лекция, баяндамалар жиі ұйымдастырылады. Биылғы жылы 8 лекция оқыды және бірнеше баяндамалар жасалды. Жуырда артель жұмысшылары үшін «Ғылым және дін адамның жаратылуы туралы», «Халықаралық жағдай туралы» лекциялар оқылды.

Бұл күндері цехтар мен бригадаларда қызу еңбек. Артель коллективі қол жеткен табысты баянды ете отырып, Ұлы Октябрь мерекесінің 37 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу үшін көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Олар октябрь айының жұмыс жоспарын мерзімінен төрт күн бұрын орындауға, жоспардан тыс 30 мың сомның өнімін шығаруға міндеттеніп, оны орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

З. ҚАСКЕЕВ.

Жас механизаторлар жарысы

Приишім ауданы колхоздарының егіс далаларында тың және тыңайған жерлерді игеруде 8 комсомол-жастар трактор бригадасы, 52 комбайн агрегаты жұмыс істейді. Бұл бригадалар мен агрегаттардың барлық комсомолцтері мен жас механизаторлары дала жұмыстарына шығарда социалистік жарысқа ұштасқан-ды. Олар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, өзара және бригадалар, агрегаттар арасында социалистік жарыс шарттарын жасасқан болатын.

Жазғы дала жұмыстары кезінде Ленин атындағы МТС-тің № 23 комсомол-жастар трактор бригадасы (бригадирі Мартыненко жолдас) жарыста озып, БЛКЖО аудандық комитетінің ауыспалы вымпеліне ие болды. Бригаданың жылдық міндеттемесі —9828 гектар жер жырту, 15 аттық күші бар әрбір трактормен 700 гектар жер жұмыстау болатын. Бұл міндеттемені бригада мүшелері 10 гектар жер жырту арқылы 10 процентке орындады. Бригаданың ең жас трактористі Ленинский комсомол комитетінің мүшесі Ф. Ковтунов жолдас 10 гектар жер жырту міндеттемесін 12 гектар жер жырту арқылы 20 процентке орындады. Ол 15 аттық күші бар трактормен 700 гектар жер жырту міндеттемесін 10

орындалды. Бригада 10 сентябрьге дейін 14031 гектар, ал, әрбір трактормен орта есеппен 991 гектар жер жыртып, 8064 килограмм жанар майын үнемдеді. Соңғы қорытынды бойынша, кәзір осы МТС-тің жылдық жоспарды 167 процент орындаған № 20 трактор бригадасы жарыста алда келеді.

Аудандық комсомол комитеті комсомолецтер мен жас механизаторлардың еңбек ондаған басқа да жолдастар бар.

Тимирязев атындағы МТС-те Ф. Гончаров, П. Лямкин, С. Шитов, Б. Садеков сынқты жас тракторшылар жоспарды 120—130 процент орындап, жақсы көрсеткіштерге ие болды. Қызылөскер совхозының тракторшылары В. Дьяченко жолдас «С—80» тракторымен міндеттеме бойынша 1200 гектар орнына 1360 гектар, М. Лысенко жолдас «ДТ—54» трактөзде бригадалар, агрегаттар және жеке механизаторлар арасындағы социалистік жарыс қорытындыларын біз әрбір он күн сайын шығарып отырдық.

Бұл жаңдай жас механизаторлардың еңбекті дұрыс ұйымдастыруына, жұмыс уақытын дұрыс пайдалануына толық мүмкіндік беруде.

П. ТКАЧЕНКО.

ҚЛКЖО Приишім аудандық комитетінің секретары.

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

Егін жыйнау науқаны басталар алдында Интернационал МТС-нің қамтуындағы колхоздарда комсомол жастар комбайн агрегаттары ұйымдастырылды. Агрегат мүшелері өзара социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын.

Жарыста, әрсесе, Т. Андриевский көзге түсті. Ол Жданов атындағы колхозда «Сталинец-6» комбайнымен 700 гектардан астам егін жыйнады. Озат комбайншы күн сайын орта есеппен 35-36 гектар егін орып, жүздеген центнер астық бастыруға жетісті. Агрегаттың өнімді еңбек етуіне тракторшы комсомолецтер Заболотин, Ведманкин жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен зор үлес қоса білді.

Сол сынқты комсомолец С. Андриевский жолдас өздігінен жүретін комбайнмен Каганович атындағы колхозда 550 гектардай егін жыйнап, маусымдық жұмыс жоспарын артығымен орындауға жетісті. Ол күн сайын 9 гектардың орнына, 23 гектар, ал, кейбір күндері 25 гектардай егін орып, 250-300 центнерден астық бастырды. Осының нәтижесінде агрегат мүшелері өздерінің жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындап шықты.

П. САВЧЕНКО.

артеліне барып келуге уақыт таба алмаған көрінеді. Заутдинов жолдастың тапсырылған міндетті орындауға икемсіздігінен бір астық қоймасы мен жабық қырман құрылысы әлі күнге дейін қолға да алынған емес.

Экспедициялық транспорт мекемесінің бастығы Шипулин жолдас та өзіне тапсырылған іске жауапсыз қарап, Булаев ауданының «Заря коммунизма» колхозы үшін астық қоймасын салу жұмысын аяқсыз қалдырды.

Уақыт өтіп барады. Жоғарыда аталған кәсіпорындарының басшылары колхоздар үшін астық қоймаларын салу жұмысын енді қашан аяқтамақ?

Колхоздарға көмекті күшейту—ең басты міндеттердің бірі. Кәсіпорындарының басшыларының мұны жете түсінетін уақыты жетті. Олар колхоздарда астық қоймаларының құрылысын тез аяқтауға міндетті.

А. ГОЛОЗУБОВ.

ҚКП қалалық комитетінің нұсқаушысы.

түсті. Егін орағы мен мемлекетке астық тапсыру жұмысында колхоздарға заводтан 162 адам тікелей көмек көрсетті. Мәселен, Ленин ауданының «Тропинка Ильича» ауылшаруашылық артелінде біздің заводымыздан 17 адам, осы ауданның «Красный сибиряк» колхозында 12 адам, Пресное ауданының «Красное знамя» ауылшаруашылық артелінде 20, Ленин ауданының «Бірлік» ауылшаруашылық артелінде 13 адам астық тазалау және мемлекетке астық тапсыру жұмысына белсене қатынасты. Кәзір 54 жұмысшылар мен қызметкерлер колхоздарда астық тазалауда, 60 адам Петропавл ауданының Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінде картоп жыйнау жұмысында жүр.

Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінде жұмыс істеп жүрген завод адамдары өндірістік үш бригадаға бөлінген. Бригадаларды заводтың өндіріс озаттары Зайнуллин, Галин, Климентьев жолдастар басқарады. Бұл үш бригаданың

сомолецтер еңбек өнімділігін тамаша үлгілерін көрсетті. карь-коммунист А. Мицуко мунист В. Золотых жолдастар тапсырмаларын үнемі 215-320 тен орындап отырды. Комсомолецтер А. Моисеев, И. Кондратов, И. Морозов жолдастар сменалық тапсырманы біржарым еседен асыра орындаумен бірге, өнім сапасын едәуір жақсартты.

Завод коллективі өнім шығару жоспарының толық орындалуын қамтамасыз етумен бірге, ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі зор міндеттерді орындау күресінде облыс МТС-тері мен колхоздарына қамқорлық көмекті бұдан былай да күшейте береді.

А. БАЛАШОВ,

Киров атындағы заводтың кәсіподақ комитетінің председателі.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

Павильон-заводтар

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі бұл күндері келушілерді жаңа түсін келе жатқан күзгі табиғаттың айқын көріністерімен қарсы алуда. Көрменің паркте рі мен бауларындағы ағаштардың жапырақтары сарғайып алтын түске бөлене бастады. Павильондарда колхоздар мен совхоздардың егіс даласынан алынған өнімдер қойылған. Колхозшылар, механизаторлар, агрономдар— ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларының қызметкерлері—мұнда мол өнім өсіру шеберлерінің тәжрибесін үйренуде. Көрмеде өнеркәсіп қызметкерлерінің де көп нәрсеге үйренуіне болады, әсресе май өндіретін, сыр қайнататын, әртүрлі ет өнімдерін шығаратын қызметкерлер көп нәрсеге үйрене алады. Мұнда озат өндіріс технологиясы мен еңбектің жаңа әдістерін көрсетуге арналып павильон-заводтар салынған. Олардың көпшілігі озат техникамен қаруланған, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар болып табылады.

Кең, жарық павильонда сүт заводы орналасқан. Онда аппарат цехымен қатар сүтті шөлмектерге құятын, май шайқайтын, сыр қайнататын бірнеше цех бар. Павильонға келушілер осы цехтарға барар жолында экспонаттар көрсету залына келіп кіреді, мұнда сүт өнеркәсібінің өнімі—белгілі вологда майы, қою сүт, кепкен кілегей қаймақ, сүзбе және басқалары кеңінен көрсетілген. 60 түрден асатын бұл өнімдердің көпшілігін көрмедегі завод шығарады.

Көрменің ауылшаруашылық қаланығындағы фермалардан заводқа күн сайын алғашқы өңдеуден өтіп тазартылған алты тоннадай сүт жеткізіледі. Сүт салқындатылғаннан кейін резервуар-танктен трубалар арқылы цехтарға жетеді. Ал едәуір бөлегі заводтың сүтті шөлмектерге құятын цехына жіберіледі. Басқа цехтар сынқты бұл цех та таз таза жалтырап тұр, оның қабырғалары кафель плиталармен көмкерілген. Экскурсияшыларға арналып жасалған кең жарық галлереяда тұрып цех жұмысын бақылау өте ыңғайлы. Цехтың бүкіл дерлік көлемінде сүтті шөлмектерге құятын автомат агрегат орналасқан. Бұл агрегат машина жасаудың Орталық конструкторлық бюросының чертеждері бойынша Ленинградтың «Красная вагранка» заводында жасалған. Оның әдеттегі агрегаттардан өзгешелігі сол, ол сүтті шыны шөлмектерге емес, қағаз шөлмектерге құяды. Машина көрме эмблемасының белгісі бар қалың қағаздың бір тарағын ілін алып, келушілердің көзінше одан цилиндрлер жасайды, түбін желімдеп, сыртын парафиндейді. Өзір болған қағаз шөлмекке сүт толтырылады. Бұдан кейін машина тағы да бір операция атқарады, яғни шөлмектің жиектерін бүріп, оны металл жақшамен бекітеді. Автоматтың жұмыс өнімділігі өте жоғары—сағатына үш мың шөлмекке сүт құяды.

—Сүтті қағаз шөлмекке құю,—дейді заводтың инженер-технологі Красильникова жолдас,—біздің сүт өнеркәсібіміздегі жаңалық болып табылады. Бірақ бұл тәсілді ленинградтықтар кәзірдің өзінде практикада кеңінен қолдануда. Қағаз шөлмектердің өте ыңғайлы және практикада қолдануға пайдалы екеніне ленинградтықтардың көзі жеткен, олардың бағасы 8 тыйыннан артпайды. Көптеген қалалардағы сүт заводтары таяу уақытта қағаздан шөлмек жасайтын, оған сүт құятын автомат линиялармен жабдықталатын болады.

Келушілер сүт заводының басқа да цехтарын зор ынта қойып көреді, оларда май, сүттен жасаған және балқытылған сыр шығаруға арналған өте жаңа машиналар мен жабдықтарды жұмыс істеп тұрған кезінде көруге болады. Олардың бірінде майды тоқтаусыз үдемелі әдіспен өндіруге арналған арнаулы аппаратура ленинградтық мастер В.А. Мелешиннің схемасы бойынша орналастырылған. Бұл ең жаңа және тімді әдіс, дәмдік сапасы жоғары, әсресе ұзақ сақтауға болатын май алуға мүмкіндік береді.

Көрме заводында мұнымен қатар таза және балқытылған сыр өндірудің жаңа технологиясы көрсетілген. Таза сырдың өден бабына келу мерзімі 5-6 айға, кейде одан да ұзақ уақытқа созылатыны мәлім. Ал көрме заводының жаңдайында мұндай сыр екі айдан кейін-ақ әзір болады. Мұнда сырды тез бабына келтіру үшін ашыту мерзімін қысқартатын арнаулы заттар пайдаланылады.

Сүт өнден май шығаратын екінші завод көрменің «Советтік жаңа деревня» деп аталатын бөлімінде орналасқан. Ол Ярославская облысының Некрасов ауданындағы «Красный коллективист» колхозына қарайды. Оның барлық жабдығы бір үлгі бойынша салынған үйге орналасқан және өндірістің озат технологиясы туралы мағлұмат береді. Колхоз заводында май шығару процесі механикаландырылған. Арнаулы лаборатория сүттің майлылығы мен қышқылдығын тексереді.

«Красный коллективист» колхозының заводында мыңдаған экскурсияшылар, олардың ішінде Вологда, Кострома, Ярославль және басқа облыстардың май өндірушілері болды. Колхоз өндірісін өркендетуде бұл кәсіпорынның қаншалықты зор роль атқаратынына олардың бәрінің де көзі жетті. 1953 жылы заводта 340 тонна сүт өңделіп, 15,5 тонна май алынды. Мемлекетке тапсырған сүт өнімі үшін колхоз 187 мың сомнан астам табыс алды.

Күн сайын Главмясо павильонында көптеген көрмеге келушілер болады. Үйдің бірінші қабаты котлет, сосиска, етті пирожки, пельмен жасауға арналған автоматтар орнатылған ет комбинатының цехы болып табылады.

Міне, экскурсияшылардың үлкен бір тобы сосиска жасайтын автоматтың жұмысын байқап тұр. Автоматқа электр қуаты берілді. Сол-ақ екен оның механизмдерінің бірі шекті туралған етпен толтырып, екіншісі ішекті тегіс сосискаларға айналдырып бұрайды. Сосискалар транспортер лентасы арқылы термикалық өңдеуден өткізетін камераға жеткізіледі. Мұнда олар кептіріледі, ағаш түтінімен ысталады, бұл ыс сосискаға тән иіс пен дәм береді. Бұдан кейін сосискалар пісіріледі. Осы өндірістік циклдің бәріне небәрі 30 минут уақыт жұмсалады.

Осы нұсқалы автоматтың авторы ленинградтық инженер-конструктор Б. Елович,—біздің еліміздің ет өнеркәсібі кәзірдің өзінде осындай, бірақ, одан анағұрлым қуатты агрегаттармен қаруланудa,—дейді. Ленинградтың ет комбинатында жаңа машинаның көмегімен бір сменада он тоннаға дейін сосиска шығарылады. Инженер Елович өзінің екінші автоматын да көрсетті, бұл автомат тәулігіне өңдеген мың котлет жасай алады.

Ленинградтықтардың павильондағы жаңалықтары мұнымен біткеді. Олар мұны мен қатар пельмен аппараттары мен пирожки жасайтын машиналарды да көрсетуде. Ленинград ет комбинатының эксперименттік мастерскойының қызметкерлері Скрыпник пен Богачев жолдастар пельмен аппаратын жасап шығарғаны үшін Сталиндік сыйлық алды. Кәзір олардың комбинатта орнатылған автоматы сағатына жүз мыңнан аса пельмен әзірлейді.

Пирожки әзірлеуге арналған машина өте таңқырлықпен жасалған. Ол арасына ет толтырылған қамырдан автоматты түрде түтікше жасайды. Бұдан кейін ол қыздырылған майға пісіріледі. Бұл процес небәрі 2 минутқа созылады сөйтіп, пирожки пісін те үлгіреді. Пирожки әзірлеген уақытта қамыр мен етке адамның қолы тимейді—жұмыстың бәрін автомат механизмдер атқарады.

Көрмеде адамдар көп келетін тағы бір кәсіпорны бар. Ол құс фабрикасы. Мұнда өндірістік жаңдайда кеңінен қолданылатын «Рекорд-42», «КЭМ-20» және «ВИР» 9 инкубаторлары монтаждалып, жұмыс істеп тұрған күйінде көрсетіледі. Бұлар үй құстарын—тауық, күрке тауық, үйрек өсіруге арналған. Электрлендірілген және автомат аспаптармен жабдықталған «Рекорд-42» инкубаторына 42 мың жұмыртқа сыяды. Оның есіктері әйнектен жасалған, бұл жаңдай балапандардың жұмыртқаны жарып шыққан кезін байқауға мүмкіндік береді. Мұнда қойылған «КЭМ-20» инкубаторы өте ерекше. Киевтің ауылшаруашылық машиналарын жасайтын заводы оны көрмеге арнап станоктарының сыртын шынымен қаптан жасаған, оның барлық механизмдерінің жұмысы осы шыны арқылы көрініп тұрады. Құс фабрикасы көрменің алғашқы ашылған күнінен бастап жұмыс істеп, сауда орындары мен фермаларға кәзірдің өзінде ондаған мың балапан берді. Құс фабрикасы электр қуатын өзінің жанында орналасқан электр станциясынан алады.

Көрмеде мол өнім беретін 2 мыңға жуық мал—сиырлар, жылқылар, шошқалар, қойлар, түйелер, бұғылар және басқалары экспонат етіліп көрсетілуде. Мұнда ұйымдастырылған фермалар өте үлкен малшаруашылық қалашығы болып табылады. Барлық малды азықпен қамтамасыз ету үшін мұнда көрме ашылудан көп бұрын үлкен аралас жемшөп заводын салу көзделінген болатын. Кәзір бұл заводтың үлкен жарық терезелері бар үш қабатты үйі орталық тоғанның жағасында алыстан көрінеді. Завод бөлмелерінің бірі малазығындық дақылдарды көрсетуге арналған, ал, қалған бөлмелері жемшөп өңдеуге арналған, жұмыс агрегаттары орнатылған. Завод күні-түні істейді. Арпа, сұлы, жүгері, кебек, күнжара, төп, мал азығына қажеттінің бәрін тиеген автомашиналар оның жүк түсіретін алаңына тоқтаусыз келіп жатады. «Фабрика-кухнядағы» сынқты жемшөп институтының нұсқаулары қатаң сақталып, мұнда әртүрлі «тағам» әзірленеді.

—Мәселен, мегежіндерге арналған № 8 аралас жемшөп әзірлеу үшін,—дейді заводтың техника жағын басқарушы Кржижановский жолдас,—біздің түйілген сұлы, арпа, кебек, зығыр күнжарасын, күнжарғыс, балық ұнын, тұз бен бор салуымызға тура келеді. Сонда ғана жемшөпте қажетті барлық керектік заттар мен витаминдер болады. Завод әр түлік сайын малшаруашылық қалашығына 10 тоннаға дейін аралас жемшөп, 8 тонна тамыржемістер және 10 тонна жұмсатылған күнжара жөнелтеді. Төл мен құстардың әртүріне арналып өз алдына кисель, ботқа және басқалары әзірленеді, олардың түрі 20 ға дейін жетеді. Малдың кейбір топтарына арнап завод белок витаминді үнтақ әзірлейді.

Астық, төп, күнжара завод цехтары арқылы күрделі жолдан өтеді. Арнаулы транспортерлер астықты бункерлерден қабылдап алып, тазартатын және араластыратын цехтарға жеткізеді. Үй қабаттарының бірінде астық электр-магнит сепараторға келіп құйылады, сепаратор тіпті астыққа тосыннан түскен металл сынықтарына дейін ұстап қалады. Завод үлкен, бірақ онда жұмысшылар аз. Мұндағы барлық процестерді машиналар атқарады.

Көрмеде өнеркәсіп орындары болып табылатын басқа да бірнеше павильондар бар. «Ауылшаруашылық су электр станциялары» павильоны, МТС-тің жөндеу мастерскойы, колхоздың ұста дүкені және басқалары осылардың қатарына жатады. Бұлардың бәрі де ауылшаруашылық өндірісіне завод мәдениетін енгізу процесін өте тамаша көрсетеді және еңбектің индустриялдық әдістерін қолдануға үйретеді.

Дм. КОНЫЧЕВ.

Зябь жырту қарқыны еселеп арттырылсын

☆

Мерекe құрметіндегі жарыс

«Сталин жолы» ауылшаруашылық артелінің егіс даласында Баян МТС-нің кубаньдық Николай Павленко басқарған № 5 комсомол-жастар трактор бригадасының мүшелері жұмыс істеп жүр. Бригада егіске шығар алдында өзара социалистік жарысқа қосыла отырып, жыл ішінде әрбір 15 аттың күші бар трактормен 850 гектар жер жұмыстауға, 2250 гектар тың және тыңайған жер көтеруге және жанар, жағар майдың 5 процентін үнемдеуге міндеттеме алғанды. Мұнымен бірге, бригада МТС-тің Сталин атындағы колхоздағы жұмыс істейтін № 1 комсомол-жастар трактор бригадасын социалистік жарысқа шақырды.

Демек, социалистік жарыстың қорытындысында Николай Павленко жолдастың бригада мүшелері өздерінің қажырлы еңбектерінің нәтижесінде алдыңғы қатарға шықты.

Бригада трактор жұмысының жылдық жоспарын 87 процент орындады. Мұнда көзірдің өзінде 15 аттың күші бар трактормен 725 гектар жер жұмысталып, 2450 гектар тың көтерілді, 4765 килограмм жанар, жағар май үнемделді.

Колхозшылар мен механизаторлар арасында еңбек ынтымағының күшеюінің, бригадада еңбектің дұрыс ұйымдастырылуының, тракторларға күтімнің кезінде жүргізілуінің, жанар, жағар майдың ұтқытында жеткізілуінің, колхоз басқармасының тракторшылардың қажырлы еңбек етулеріне тұрмыстық жағдай туғызуларының нәтижесінде бригада осындай табыстарға ие болды.

Бригадада әсресе, тракторшы Лагутин жолдас еңбегімен ерекше көзге түсті. Ол «ДТ-54» тракторымен маусымда 1500 гектар жер жұмыстап, алған міндеттемесін артық орындап шықты. Тракторшылар Иван Примонов, Василий Иноземцев жолдастар жылдық жұмыс тапсырмаларын екі есеге жуық орындады.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Парды баптау және зябь жырту жұмыстарының жайы туралы» қаулысын талқылағаннан кейін № 5 трактор бригадасының механизаторлары Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысты онан сайын өрістете отырып, парды баптау және зябь жырту жұмыстарында көтеріңкі міндеттемелер алды. Тракторшылар Лагутин, Назаренко, Есполов жолдастар зябь жыртуда сменалық нормаларын 115-130 процент орындап жүр. Мұнымен бірге Назаренко, Лагутин жолдастар механизаторлар арасында күнбе-күн газет, журналдар оқып, зябь жыртудың шешуші кезеңдері жайында түсініктер беріп, өздерінің үгіт-

☆ ☆

Соколов МТС—індегі төзгісіз жағдай

Соколов МТС-індегі ауылшаруашылық жұмыстарын мерзімінде орындап отыруға, сөйтіп, қамтуындағы колхоздарда егіншіліктің мәдениетін көтеру, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінде елеулі табыстарға ие болуына қажетті күш-мүмкіншіліктер жеткілікті. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана МТС-ке жаңадан 25 шынжыр табанды трактор мен көптеген тіркеу саймандары берілді. Кәзір МТС-тегі тракторлардың саны 88. Мұнда механизатор кадрлары да мол. МТС жанындағы курсті 40 адам бітіріп тракторшылық мамандық алса, Петропавл механикалық училищесін бітірген 28 тракторшы МТС-ке келді.

Мұның барлығы Соколов МТС-інде зябь жыртуды қарқынды жүргізуге мүмкіншілік мол екендігін дәлелдейді. Алайда, МТС басшылары қолда бар мүмкіншіліктерді зябь жыртуға жете пайдаланбай келеді. МТС директоры Быков, партия ұйымының секретары Туров жолдастар механизаторлардан тракторлардың күші зябь жыртуға өнімді пайдаланылуын қатаң талап ете алмай келеді.

«Дозор Ильича» колхозында № 3 трактор бригадасы жұмыс істейді. Бұл бригадада 8 трактор бар. Рас, бұл тракторлардың төртеуі егін жыйнауға қатысты. Бірақ, сол тракторлардың өзін түнгі сменада зябь жыртуға қатыстыруға болар еді. Бұл кезінде ескерілмеді. Сөйтіп, тракторлардың көптеген жұмыс сағаты босқа өтті. Ал, бригададағы басқа төрт трактор да түрлі себептермен зябь жыртуға өнімді пайдаланылмады. Мұнда техникалық жарамсыздықтан 1—2 трактор күн сайын жұмысқа қатыспайды. Осының барлығы колхозда 168 гектар ғана зябь жыртылып, жоспардың небары 11 процент ғана орындалуына әкеліп соғып отыр.

Пушкин атындағы колхозды № 2 трактор бригадасы қамтыйды. Мұнда осы уақытқа дейін зябь жырту жоспарын толық орындап шығуға техника күші жеткілікті еді. Бірақ, колхоз председателі Димитров және трактор бригадасының бригадирі Артев жолдастар зябь жыртуды кезекке қойып, бұл іске мән бермеді. Мұнда бір айға жуық «ЧТЗ» тракторы босқа тұрды. Аталған басшылардың зябь жыртуға көңіл аудармаулары салдарынан колхозда жоспар 30 процент ғана орындалып отыр.

Зябь жыртуда өте-мөте артта қалып отырған шаруашылықтардың бірі — Ленин атындағы колхоз. Мұнда 25 сентябрьге дейін зябь жырту жоспары 13 процент ғана орындалды. Жұмыс қарқынының нашар болуына алдымен, колхозды қамтыйтын № 5 трактор бригадасында еңбектің нашар ұйымдастырылуы негізгі себеп болып отыр. Бұл бригаданың бригадирі Юрченко жолдас тракторшылардың жұмысты тәуліктеп істеуін ұйымдастырмаған. Осының салдарынан тракторшылар күндіз ғана жұмыс істеп, түнде тракторды тоқтатып қоятын болған. Ал, түнгі уақытта тракторлар босқа қарап тұрады. Осы бригадада МТС директоры Быков жолдас бірнеше рет болды. Ол бригадада еңбектің нашар ұйымдастырылғандығы, тракторлардың түнгі уақытта босқа қарап тұратындығын жақсы біледі. Бірақ, Быков жолдас кемшіліктерді жою, бұл жөнінде бригадаға қолма-қол көмек көрсету мәселесімен шұғылданбайды. Мұның өзі Быков жолдастың зябь жыртуға жете мән бермейтіндігін сыйпаттайды.

Тракторлардың жұмысқа нашар пайдаланылуы салдарынан соңғы бес күндікте «Дозор Ильича» колхозында небары 7 гектар, Ленин атындағы колхозда 22 гектар, «Путь Ленина» колхозында 29 гектар ғана зябь жыртылды. Бұл бескүндікте Қазақстан атындағы колхоз тіпті зябь жыртуға қатысқан да жоқ. Жағдайдың мұндай нашар болуына тағы бір себеп— механизаторлар арасында социалистік жарыстың кеңінен өрістетілмеуі болып отыр. Рас, жыл басында бригадалардың бір бірімен социалистік жарысқа түсуі ұйымдастырылған. Бірақ ол жарыстың орындалуы бірде-бір бригадаға тексерілген жоқ. Бригадалардағы көрсеткіш тақталарына күнделікті жұмыстың қорытындылары жазылмайды. Жауынгерлік листоктар уақытында шығарылмайды. Бұл кемшіліктердің барлығы МТС партия ұйымының секретары Туров, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Писаренко жолдастардың көз алдарынан өтіп жатады. Бірақ, олар бригадаларда, колхоздарда болған уақытта шаруашылық жұмыстың жайы жөнінде тек колхоз басшыларымен әңгімелеседі де, істі тындырады.

Соколов МТС-і зябь жыртуда облыста мүлдем артта қалып қойды. МТС басшылары істегі орын алған кемшіліктерді дереу жоюдың шараларын белгілеп, әрбір колхозда, бригадада зябь жыртудың қарқыны кең өріс алуын қамтамасыз етуге тиіс.

А. ЛИЧМАН,
Соколов аудандық «По Ленинскому пути» газетінің редакторы.

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ ТРАКТОР БРИГАДАСЫ

Чистян МТС-нің Борис Яковлевич Чернуха жолдас басқаратын комсомол-жастар трактор бригадасы осы жылғы көктемде тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттар есебінен құрылған боропавл паровоз депосынан келген Григорий Герехов, Ворошиловградтан келген Иосиф Донцов және басқа тракторшылар да тапсырмаларын асыра орындады. Олардың айлық еңбекақысы орта есеппен

Маленков атындағы астық совхозының № 1 трактор бригадасының аспазы Анна Васильевна Щеголева асты әрқашан дәмді әзірлейді.

СУРЕТТЕ: А. Щеголева дайындалған тағамның дәмін байқап тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

★ ★

Ауыл шаруашылығы мамандарының жаңа тобы

Облысымыздың ауыл шаруашылығы мамандарының қатары Москваның, Ленинградтың, Алматының, Саратовтың, Омскінің және басқа қалалардың жоғары оқу орындарын бітірген мамандарымен толықтырылуда. Облысымыздың МТС-тері мен колхоздарында 96 жас агрономдар, инженерлер, зоотехниктер, мал дәрігерлері жұмыс істей бастады.

Владимир Поленов, Евгений Романов, Николай Воротынцев, Иван Никитин жолдастар Москваның ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтын бітіргеннен кейін жаңа жерлерге барып, жұмыс істеуге тілек білдірді. Кәзір олар Тимирязев атындағы, Совет және Интернационал МТС-терінде инженер-механик болып жұмыс істеп жүр. Ленинградтың ауыл шаруашылығын механикаландыру институтын бітірген Нина Ермакова жолдас Шағлы МТС-інде механик-бақылаушы болып қызмет істейді.

Тимирязев атындағы ауылшаруашылығы академиясынан облысымыздың МТС-теріне 32 маман келді. Еліміздің даңқты оқу орнын бітірген мамандар алғашқы күндерден бастап-ақ, өздерінің сүйген жұмысына қызу кіріскі. Олардың ішінде Вильямс атындағы, Коновалов, Пушкин атындағы МТС-тердің бас агрономдары Д. Чканников, И. Медведев, Н. Архипов, Интернационал, Сартомар МТС-терінің бас зоотехниктері В. Белогуров және А. Козлов жолдастар бар. Академияны бітірген Е. Столбунов, М. Николаева, А. Сериков және басқалары облысымыздың алыстағы колхоздарында агроном болып істейді.

Республиканың техникумдарын бітірген агрономдардың, зоотехниктердің, механиктердің, гидромелиораторлардың және техник-құрылысшылардың үлкен тобы

Жаңа—1955 жылға баспасөзге жазылу ісі ойдағыдай жүргізілсін

Партиямыз бен үкметіміз совет баспасөзін өркендетіп, дамыта беруге және оны бұқара арасында кеңінен таратуға үздіксіз қамқорлық жасап келеді.

Кәзір біздің облысымыздың барлық аудандарында аудандық газеттер шығады. Үстіміздегі жылы облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттері төрт бет болып шыға бастады және тиражы 4 мың дана артты. Орталық және республикалық журналдардың тиражы да едәуір көбейді, бірқатар жаңа газет, журналдар шыға бастады.

Өткен жылы Соколов, Совет аудандарында, қаладағы бірқатар өнеркәсіп орындарында, әсресе «Комсомолка» тігін фабрикасында, ет комбинатында, Сталин атындағы кәсіпшілік артелінде баспасөз тарату ісі қысқа мерзім ішінде саяси жоғары дәрежеде өтті. Бұларда баспасөзге жазылушылардың барлығы дерлік газет, журналдарға тұтас бір жылға жазылды.

Алайда, жекелеген аудандарда, қаладағы бірқатар кәсіпорындары мен мекемелерде, еңбекшілер арасында баспасөз тарату ісі қанағаттанғысыз жүргізілді, орталық, республикалық және облыстық газеттердің көптеген тиражы күні бүгінге дейін таратылмай қалып отыр.

Мәселен, Мамлют аудандық байланыс мекемесі баспыларының (бастығы Усольцева, «Союзпечатьтің» аудандық ұйымдастырушысы Свободина жолдастар) іске жанды басшылық жасай алмауынан баспасөзге жазылу өте кеш және әзірліксіз басталды. Соның салдарынан 1954 жылға тағайындалған лимиттен осы күнге дейін орталық 339 дана, республикалық 252 дана газет, журналдар және облыстық 120 дана газет таратылмай қалды. Жеке алғанда Булаев ауданында 883 дана, Октябрь ауданында 1175 дана, ал қала бойынша 2219 дана газет, журнал таратылмай қалып отыр.

Әсресе, жаңа совхоздардың механизаторлары, құрылысшылары және жұмысшылары мен қызметшілері арасында баспасөз тарату ісі қанағаттанғысыз жүргізілді және әлі де нашар жүргізіліп отыр. Мәселен, ауданда жаңадан 7 совхоз ұйымдастырылуына байланысты Октябрь ауданы байланыс бөліміне бөлінетін орталық және жергілікті баспасөздің тиражы едәуір арттырылды. Бірақ, байланыс мекемесінің қызметкерлері, совхоздардың партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының баспылары баспасөз тарату мәселесімен жете шұғылданбады. Мұның өзі төртінші тоқсанда «Ленинское знамя» газетінің 300 данасының және аудандық газеттің 30 данасының таратылмай қалуына әкеліп соқты. Шыныңда, Тимирязев, Москворецк және Дзержинский совхоздарының механизаторлары бұл газеттерге жазылудан тыс қалып қойған.

Бірқатар аудандарда колхоз, совхоз баспыларының кінәсінен, әсресе колхоз бригадалары мен совхоз бөлімшелеріне газет, журналдар 5—7 күн кешіктіріліп жеткізілетіндігі сияқты фактілер де жоқ емес. Көп реттерде газет, журналдар бригадалар мен бөлімшелерге кездейсоқ

Мәселен август айының аяқ шенінде Совет совхозына газет, журналдар аудан орталығынан 6 күн кешігіп келді. Газет, журналдар мен хаттар совхозға әкелінгеннен соң тек 3 күннен кейін ғана пелерінке таратылып берілді. Бұл фактілердің өзі көптеген аудандық байланыс мекемесі мен байланыс бөлімшелері баспыларының баспасөзді таратудың, саяси маңызына жете мән бермейтіндігін, облыстық «Союзпечать» баспыларының (бастығы Карташев жолдас) және аудандық ұйымдастырушылардың бұл жұмысқа жергілікті жерде жанды басшылық жасамайтындығын дәлелдейді. ҚКП қалалық, бірқатар аудандық комитеттері мен жергілікті бастауыш партия ұйымдары баспасөз тарату және оны пелеріне жеткізіп тұру ісінде бұл сияқты кемшіліктердің орын алуына жол беріп келеді.

Таяудағы күндерде облысымызда 1955 жылға газет, журналдарға жазу басталады. Быйыл баспасөз тарату ісінде өткен жылы кездескен кемшіліктердің орын алуына жол бермеу үшін байланыс орындарының қалалық, аудандық партия комитеттерімен бірлесе отырып, таяу уақыт ішінде бірқатар ұйымдастыру шараларын жүргізулері керек болады. Атап айтқанда, байланыс қызметкерлерімен, колхоздардың хат тасушыларымен кеңес өткізу, баспасөзге жазылу мерзімін тағайындау, газеттер мен журналдардың рекламаларын хабарландырулар ұйымдастыру, басқа да сол сияқты жұмыстарды жүргізу қажет. Әсресе қаладағы барлық кәсіпорындарда, мекемелерде, колхоздар мен совхоздарда, сол сияқты дала бригадалары мен совхоз бөлімшелерінде газет, журналдарға жазатын пункттер ұйымдастыруға көп көңіл бөлу қажет.

Еңбекшілерді баспасөзге жазу ісінде байланыс органдарына көмек көрсету үшін партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары қоғамдық өкілдер болуге тиіс. Қалалық, аудандық партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдері қоғамдық өкілдермен нұсқау кеңестер өткізулері, оларды баспасөзге жазу үшін қажетті материалдармен қамтамасыз етулері және олардың алдына газет, журналдарға жазуды ұйымшылдықпен өткізу, тағайындалған лимитті толық меңгеру міндетін қоюлары керек.

Мәдениет басқармасының, кәсіподақ ұйымдарының баспылары кітапханалардың, клубтар мен оқу үйлерінің және басқа да мәдени-ағарту мекемелерінің газет, журналдарға деркезінде жазылуын қамтамасыз етуді ескергендері жөн.

Баспасөз тарату—саяси маңызы зор іс. Сондықтан, әрбір колхозшы, жұмысшы және қызметші семьясының баспасөзге жазылуына, газет, журналдардың жазылушыларға кешіктірілмей, деркезінде жеткізілін тұруына жетісу қажет.

Жаңа, 1955 жылға газет, журналарға тұтас бір жылға жазылуды қамтамасыз ету және баспасөзге жазылуды саяси жоғары дәрежеде өткізу—партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының міндеті.

да.

Бригаданың есепшісі Меңдібаев жолдас тракторшылардың әрбір сменадағы жұмыс қорытындыларын көрсеткіш тақтаға жазып отырады. Бригадир Павленко және оның көмекшісі Семенец жолдастар бригаданың өндіріс жыйналысын уақытылы өткізіп, озат тракторшылардың тәжрибелерін механизаторлар арасына кеңінен таратады және істегі орын алған кемшіліктерді жоюдың шараларын белгілейді. Бригада мүшелері Октябрь мерекесін еңбекте зор табыспен қарсы алу үшін зябь жыртуды 5 октябрьге дейін аяқтап шығпақ.

М. НАЗАРИН,

Преснов МТС-і партия ұйымының секретары.

жұмысшылары қысқа мерзім ішінде-ақ механизаторлар мамандығын ойдағыдай меңгеріп алды. Бригада берілген жоспарды асыра орындап, 3400 килограмм жақар, жаңар майларын үнемдеді.

Қаладағы ет комбинатының бұрынғы жұмысшысы, коммунист Иван Цапинский «С—80» тракторымен жоспар бойынша 1211 гектардың орнына, 1400 гектар жер жұмыстады. Сондай-ақ, Петкешенде 1200—1300 сомнан асады.

Чернуха жолдастың трактор бригадасы жұмыс қарқынын бұрынғыдан да өрістете отырып, келесі жылдың егісі үшін зябь жыртуда. ҚЛКЖО облыстық комитеті бригада механизаторларының қажырлы еңбегін жоғары бағалап, жақында оларды Құрмет грамоталарымен наградтады.

Р. ТІЛЕГЕНОВ.

облысымыздың машина-трактор станцияларына жіберілді. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана облысымыздың МТС-тері мен колхоздарына еліміздің арнаулы оқу орындарын бітірген 178 жас келді.

К. САМОЙЛОВ.

Жоспар орындалды

Совет ауданындағы Каганович атындағы колхоздың колхозшылары бастырылған астықты тазарту және дайындау жұмыстарын күні-түні бірдей ұйымдастырып, 27 сентябрьге дейін мемлекет алдындағы бірінші парыз— міндетті астық тапсыру, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу және мемлекетке астық сату жоспарларын толық орындап шықты. Колхозда келесі жылдың егісі үшін тұқым жеткілікті мөлшерде құйылды. Колхозшылар мемлекетке астық сатуды әлі де жүргізуде.

ШЕБЕР ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР

Преснов ауданындағы «Баян» колхозында арнаулы құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Оны колхоздың шебері Р. Наурызбаев жолдас басқарады. Бригаданың құрамында Р. Байторин, Я. Хайриддинов және Н. Байтұрғанов жолдастар бар. Бригада сауын сыйырлар қорасын, 1500 бастық қой қорасын және төл қораларын салуды аяқтап, оны пайдалануға берді. Сол сияқты, бригада шеберлерінің күшімен екі астық қырманы салынды.

М. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

жүріп бара жатқан адамдар арқылы жет кізіледі.

ҚКП обкомінің нұсқаушысы.

Үлгілі почта бөлімшесі

Преснов ауданындағы жаңадан ұйымдастырылған Жамбыл совхозының почта бөлімшесі хат-хабарлар мен баспасөзді иелеріне деркезінде тарату және газет, журналдарды сату жұмысын ойдағыдай ұйымдастырған үлгілі почта бөлімшесі болып саналады.

Бұл бөлімшені партияның шақыруы бойынша келіп, жаңа жерге қоныстанған Фетисов жолдас басқарады. Фетисов жолдастың жұмысты сүйіп істеуі, өзіне жүктелген міндетті асқан жауапкершіліжпен атқаруы нәтижесінде бөлімше газет, журналдар сату жоспарын айдан-айға асыра орындап келеді. Тек өткен сентябрь айында ғана бөлімше жоспар бойынша бір мың сомның газет, журналдарын сатуға тиіс болса, 1353 сомның газет, журналын сатты.

Почта бөлімшесінің бастығы Фетисов жолдас совхоз жұмысшыларына үнемі қамқорлық жасап, олардың газет, журналдар, саяси және көркем әдебиеттер жөніндегі тілегін қанағаттандырып отырады.

Фетисов жолдас совхоз жұмысшыларын баспасөзге жазу мәселесіне де үнемі жете көңіл бөліп, олардың газет, журналдарға түгел және ұзақ мерзімге жазылуын қамтамасыз етіп келеді.

С. ТӨЛЕГЕНОВ,

Союзпечатьтің Преснов аудандық ұйымдастырушысы.

158-ші КИЛОМЕТРДЕГІ УЧАСТОК

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарының кезі еді. Барлық совет адамдары партияның шақыруы бойынша, жанқиярлық пен еңбектенуде болды. Солардың қатарында қарапайым жол қараушы Неклюдов та бар еді. Темір жол транспортында екі жыл істегеннен кейін 1942 жылы ол жол қараушылық жұмысқа ауысқан.

Алғашқы кезде Василийге жай кезде оңай көрінетін жол қараушылық жұмысы қыйын соқты. Көп мәселелердің шешімін деркезінде таба білмеді. Оған өзі аңғармаған жұмыстың құпия әдістері, уақыт озған сайын ғана біртіндеп барып анықтала бастады. Бірақ, бұл мүлде жеткіліксіз болатын. Түсінбеген, болмаса, күдіктенген нерді көптен бері істеп, тәжрибесі молық қан жол қараушылардан, бригадирден, тіпті жол мастерінің өзінен сұрап алып жүрді.

...Жол қараушы болып істегеніне бір жыл толып, еңбекпен тәжрибеге жетіскен Василий Алексеевич Неклюдов 1943 жылдың күзінде жұмыс сменасының үшінші кезегіне ауысып, жол қарауға шықты. Түн, айнала тыныштық. Сапырылып өтіп жатқан поездар жүрісі сәл толастағандай. Тек қарағай діңгектеріне бірнеше қатар тартылған телефон сымдары ғана баяу өскен суық желдің еліпінімен нәзік тербеліп, зың-зың етеді. Қурап түсіп жатқан қайың жапырақтарының сыбдыры естіледі. Фонарының ақ сәулелі жарығын домбыраның қос шегіндей жарыстыра тартылған екі рельске кезек-кезек түсіріп, жай, аяңмен жол бақылап Василий келе жатты. Бірнеше минут өткен соң сонау алыстан прожекторымен жол үстін күндізгідей жарық етіп ауыр составты әкеле жатқан паровоз көріне бастады. Аздан соң составтың гүрсілі анық естіліп, Василий тұрған жерге жақындады. Василий жолдың оң жағына шығып, күндегі дағдысы бойынша составқа, жол хауіпсіз, толық жүріспен жүре беруге болады дегендей, фонарының ақ жарығын көрсетіп тұрды.

Паровоздан кейінгі үшінші вагон өткен соң, Василийдің құлағына жағымсыз дыбыс естіліп, доңғалақтың рельске тиген дегі дүңкілі оны күдіктендіргендей болды. Ол состав түгел өткенше бір көтеріліп, бір төмен түсіп тұрған рельстен көз айырмады. Фонарь сәулесін рельске түсіріп тұр. Рельстің сыртқы қарамай қабырғасына біртал қыл жабысып қалғандай жіңішке қара қыйғаш сызаттан басқа ешнәрсе көрінбейді. Поезд өтіп болысымен ол жол үстіне шықты да әлгі сызатты анықтап қарай бастады. Көп қарағандықтан көзі де бұлдырады. Аздап дем алып, рельстің екінші бетіне үңілді. Онда да ешнәрсе жоқ. Осылайша 10-15 минут өткен соң орға түсті де ойына алған күдігін ойластыруда болды. Осы кезде шығыс жақтан тағы бір составтың келе жатқандығын көрді. Бұл составты да өткізіп, күдікті жерден көз жазбай қарап тұрды. Қыйғаш қара сызық бірде білініп, бірде жоқ болып кетеді. Василий состав өтісімен жол үстіне шықты да рельске отырып алып, ондағы қалып қалған қара майды қолдағы кілтпен үгетіп, тазалай бастады. Рельс бүтін. Ешқандай ақау жоқ сияқты. Бірақ, поезд өткендегі құлаққа жағымсыз дүңкіл дыбыстың шығуы жол қараушыға маза бермер емес. Әр алуан топшылаған ойын қорытып, «көзіме солай көрініп, құлаққа солай естілген болар», деді де, қалтасындағы бір ды алып, рельстің сырт жағына белгі қойып кетті. Ондағысы осы звеноны қатты қадағалап, күні бұрын үрей шығармай, ақауға көзім жеткен соң бригадирге хабарлайын деген байлам еді.

Келесі күні бригадир Костин Неклюдовты шақырып алып:

—Василий Алексеевич, енді екі сағат тан соң смена ауыстыруға барасыз ғой? —деді.

—Я. Дмитрий, мен мынаны ескертіп қоямын...

—Білемін, Василий Алексеевич, бәрін білемін, ескертпесеңіз де болады, сіз енді жол қарауға бармайсыз. Орнынызға басқа адам барады. Таңертең жұмысшылармен бірге жолға барып, шпалдар астына тас төсесесіз. Көзір барып дем алуынызға болады. Бұл туралы жол мастеріне өзім баян етемін. Шақыртқанда айтайын дегенім осы еді.

—Жолдас бригадир, жазығым не? Себебін айтсаңыз екен?

—Себебін ертең кешке өндірістік жыйналыста толық еститін боласыз. Көзір бар лығын баяндап жатуға уақыт жоқ. Қысқы құрал саймандарды әкелуге дистанцияға бара жатырмын,—деді де бригадир Костин үйінен шығып, вокзалға кетті.

Оқыйға былай болған еді. Түндегі өзі белгі салып кеткен 157 километрдің үшінші пикет, алтыншы замогіндегі солтүстік рельс, шыңдығында іштей жарылып, сынып кету хауіпі туған болатын. Таңертең сағат 11 шамасында околодканың аралаушысы жолды бақылап, қолындағы ұзын сапты балтасымен рельс үстін әлсін-әлсін ұрып қойып, Василийдің күдіктенген жеріне де келіп жеткен. Алғаш Василий сал ған белгіні байқаған жоқ. Қолдағы балғамен рельсті ұрып қарағанда, оның құлағына дыбыс дүңкілдеп естілді. Асынған сумкасынан сабы бар айнаны алды да, еңкейіп рельс бедерін жағалатып қарап келе жатқанда қосу және сұрақ белгісін көрді. Анықтап қарағанда кілтпен тырмалап тастаған айқыш-ұйқыш сызықтарды байқады. Сол сәтте сумкедегі қырғышты алды да әлгі жерді жақсылап тазалап еді, шойын-болат рельстегі қыйғаш жарылған жаңа сынықтың орны көрінді. Балғамен ұрып қайта анықтай түскенде, рельс ішінде қуыстанып, сыртқы қабаты сына бастағандығы анықталды. Сол кезде-ақ, рельсті дереу ауыстырып салу керектігін түсінді де, бригадирге табылған ақау туралы хабар берді. Бригададағы жұмысшылар оны тез ауыстырып, жолды хауіпсіз етті. Ал, Василий түнде бұл жайды жете білмегендіктен, бақылауға қалдырып, бригадага хабар етпеген болатын.

Василий Алексеевич Неклюдов өзінің қате істегендігін, әлі де болса жол сырының, оның ішінде рельс сырын жөнді білмей, көп нәрсені әлі аңғармағандығына қатты ренжіді. «Маған сенім білдіріп, жол қарау жұмысына шығып ем. Бірақ, мен сол сенімді ақтай алдым ба? Жоқ, ақтай алмадым. Ұят, ұят», деп іштей қысылып жүрді. Біржарым айдай уақыт өткеннен кейін рельс астына шпал төсеп жүрген Василийге бригадир Костин келді де, «бүгін жол мастеріне барып жолығыңыз» деді.

Кешке жол мастері:

—Халіңіз қалай, Василий Алексеевич?— деп сұрады.

—Хал жаман емес, өзгеріс шамалы.

Жол мастері аз ойланып отырды да, Василийдің үй тұрмысын, сол жылғы тұған баласының амандығын сұрастырды. Сөзінің соңында:

—Василий Алексеевич сізді қайтадан жол қараушының міндетін атқаруға жібермекпіз. Жұмыста кемшілік болады, бірақ, одан әркім тиісті қорытынды шығаруға міндетті. Ойлаймыз: Сіз де қатеңізді ойластырып, оны қайталамауға өзіңіз де бекінген шығарсыз,—деді...

Күндер зымырап өтіп жатты. Қыс ауысып, көктем келді. Василий Алексеевич те жол қараушының міндетін аса ұқыптылықпен атқарып жүрді. Оған околодканың 158 километрдегі участогі бекітілін берілді. Василий Алексеевичтің негізгі атқаратын жұмысы осы қос тарау жолдың 158 километрдегі участогін өте жақсы деген бағада ұстау болатын. Сондықтан, ол өзіне бекітілін берілген участокті ойдағыдай күтімде ұстау үшін жұмысқа ұқыптылығын бұрынғыдан да күшейте түскен-ді. Километр бойындағы рельстің босаған немесе күдік тұлыратын жері болса уақытылы анықтап, жөндеуден тез өткізуді талап етті. Суға тиіп және күнге күйіп жарылған шпалдардың ұштарын жалпақ ұңғы темірмен қысып, бекітіп берді. Противогондар мен болттарды сұртіп, майлап отырды. Машинистердің ешқандай алаңсыз жоғары жылдамдықта жүріп өтуіне әр тоқсан сайын техникалық паспорт тапсырып, участоктің хауіпсіз екеніне кепілдік алып жүрді.

Бір күні көрші бөлімшеден келген жас жол қараушы өз жұмысы туралы Василий ге айта келіп:

—Нұсқау бойынша істеймін, сменамды толық жол бойында өткіземін, ал, одан пайда аз, —деді ол.

Василий Алексеевич оған ескалымен жұмысқа зейін қойып, график бойынша істеу керектігін, шегелер мен распоркаларды, болттар мен противогондарды жаппай бекітіп, ұсақ-түйекке жүгіре бергеннен гөрі олардың ішіндегі аса хауіптісін, болмаса бір күні бір участкені, ертеңіне екіншісін, үшіншіде басқа бір участкені тыңғылықты бекітіп отыру жөн болатындығын айтты.

—Мен уақыт жетіспейді деген шағымға ыйланғым келмейді,—деді жол қараушы.—Жыл маусымына байланысты жоспар жасап, сол жоспар бойынша істеп үйренген дұрыс, —деп Алексеевич жас жол қараушыға уақытты үнемді пайдаланудың мәнін баса көрсетті.

1948 жыл. Июнь айының бас кезі. Бұдан екі сағат бұрын нөсерлетіп төгіп өткен жауыннан кейін, ауа тазарып, иісі жұпар аңқыйды. Қарамай сіңген шпал үстіндегі жылтыраған моншақтай тамшылар фонарь сәулесіне шағылысып, жылт-жылт етеді. Екі шпал ортасына көлкіп иірілген жауын суын күрекпен орға ағызып жүрген Алексеевичке кенеттен ұшып түскен екі болт және үзіліп сынуға сәл-ақ қалған рельс бөлшегі тап болды. Жүрегі су ете түсті. Төңірекке, поезд келетін жаққа қарады. Ешнәрсе көрінбейді. Не істеу керек? Бірінші кезекте дорбасындағы запас екі болтты алды да, ұшып түскен екі болттың орнына бұрап, бекітіп тастады. Сынған рельстің қасына ауыр балғасын белгі ретінде қалдырып, 800 метр алға жүгірді. Жол бұрылысынан жүк тиеген паровоз көрінді. Василий рельс сынған жерден керекті жеріне жүгіріп жеткенше, состав әлі алыста еді. Белбеуіне байлап алған құтыдан үш питардты алып, қосқатар тартылған рельстің үстіне, арасын 20 метрдей келтіріп, оң жаққа екеуін, сол жаққа біреуін бекітті де, рожокпен дабыл қақты. Бірақ, бұл дабылға ешкім келе қоймады. Сонан кейін Алексеевич паровозға фонарының қызыл сәулесін тосып, оның қасына жақындап келуін жүгті. Питардты басып өткенде үш рет атылған қатты даусытан кейін жүрісін баяулатып, паровоз 500 метрдей өтіп тоқтады. Машинист, поезд бастығы және Неклюдов үшеуі сынған рельске келді де, ақауды мұқият қарап шықты.

—Қалай, машинист жолдас, мына ақау түскен рельстің үстінен өте аласыз ба?— деп сұрады Алексеевич.

Ақау түскен рельстен жүріп өту өте хауіпті еді. Машинист те, состав бастығы да ойланып, өзара кеңесті де, баяу жүріспен өтіп кетуді ұйғарды. Ал, Алексеевич составтың ең соңғы вагонына отырып, разъезге келіп түсті.

—Жолдас кезекші, 158-километрдің оң түстік жағындағы жолда рельс сынған. Сынған рельсті ауыстырып болғанша поезд жүрісін тоқтатыңыз және бұл жөнінде диспетчерге ескерту қажет,—деді ол. Мұнан кейін Алексеевич болған оқыйғаны бригадирге баян етті. Бригада жұмысшылары біржарым сағат ішінде сынған рельсті ауыстырып болғанша поезд жүрісін тоқтатыңыз және бұл жөнінде диспетчерге ескерту қажет,—деді ол. Мұнан кейін Алексеевич болған оқыйғаны бригадирге баян етті. Бригада жұмысшылары біржарым сағат ішінде сынған рельсті ауыстырып, жүк тиеген поездардың үздіксіз жүріп тұруын қамтамасыз етті. Ал, Алексеевичтің бұл ерлік еңбегін бағалап, оған Омбы темір жол басқармасы алғыс жариялады және ақшадай сыйлық берді.

1942 жылдан осы күнге дейін 158 километрді Василий Алексеевич өз жауапкершілігіне алып, жұмыс істеп келеді. Бұл километрдің үстінен ауылшаруашылық машиналарын, құрылыс жабдықтарын тиеген, жұмысшылар мен студенттер, колхозшылар мінген жолаушы поездары дамыл таппай өтіп жатады. Жол табанына төгілген тас пен құм тегістеліп, пикет бағаналарының түбіне бес бұрышты жұлдыздар салынып, әктеліп қойылған. Ордың арғы беттеріне бейбітшілікке және коммунизм жеңістеріне шақыратын тастан қаланып, ұрандар жазылған. Мұның барлығы жалықпайтын жол қараушы Алексеевичтің еңбек сүйіштігін аңғартады.

Алексеевичтің жол участогі көп жылдан бері бесінші дистанция бойынша, жарыста бірінші орын алып келеді. Василий Алексеевич Неклюдов озат еңбектері үшін бірнеше рет Құрмет грамоталарымен және екі медальмен наградталған.

—Мен әлі біраз нәрселерді білмеймін. Сондықтан пікір алысу, тәжрибе ауысу, іздену, үйрену керек,—дейді ол. Ал, құлшын кеңге сеңгейтін адамдардың салты қашан да осылай ғой.

Қ. ЕСИМОВ.



Петропавлдың жұмысшылар поселкесінде жастар үшін үлкен жатақхана салынып жатыр.
СУРЕТТЕ: **Т. Сычев** жолдас басқарған озат бригаданың жатақхана құрылысы жұмыстарын жүргізіп жатқан кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Эстрада шеберлерінің концерті

Қаладағы Ленин атындағы клубта, мәдениет және демалыс паркіндегі жазғы театр үйінде эстрада артистерінің, бүкілукраиндық бірінші конкурсының лауреаттары, Львовтың мемлекеттік филармониясы артистерінің концерттері болып өтті. Қала еңбекшілері туысқан Украин артистерінің концертіне көптеп қатысты.

Эстрада артистері В. Петров пен Захаровтың орындауындағы дуэттерді, фельетондерді концертке қатысушылар зор ықласпен, көңіл қоя тыңдады. Олар эстраданың бұл жанрларын орындауда өздерінің тамаша шеберліктерін көрсете білді.

Бүкілукраиндық бірінші конкурстың лауреаттары М. Парфенов, С. Глущук, И. Романовский және С. Реттиттер жүргізушілік арасына көп тараған әндерді музыкалық аспаптармен мазмұнды, әрбір әннің өзіне тән музыкалық ерекшеліктерін сақтап, әсерлі етіп орындап шықты. Әсресе, олар атақты композитор Бородиннің «Төрт жігіттің серенадасы», Весканың «Сүйікті Бухаресте» деген шығармаларын және ансамбльдің концертмейстері артист Н. Карпов өңдеген «Манчжурия төбелерінде» деген орыстың көптенті вальсін жүргізушілік зейін қоя тыңдады.

Әншілі Оксана Белявская өзінің әсем дауысымен, ырғақты тембрімен туысқан украин халқының әндерін және басқа лирикалық әндерді асқан шеберліктен орындай білді. Конкурстың дипломанттары, эстрада артистері Федорова және Яковенко Карповтың, Дунаевскийдің билерін өте шебер биледі. Бишілердің қыймылы, жылдамдығы, ритмі көрушілердің зейінін өзіне тартты. Сондықтан да, көрушілер бишілерді ду қолшапалақтап, кейбір номерлерді қайталап орындатты.

Артист Ковбасинский балалайкамен вентер фантазиясын, украин билерін және басқа шығармаларды орындады.

Дегенмен, эстрада шеберлерінің репертуарлары әлі де болса жетіле қоймаған сыяқты. Артистердің қандай ұлттың әнін болсын орындауға мүмкіндігі барлығына қарамастан осы уақытқа дейін ансамбльдің репертуарында көп ұлтты совет халықтарының әндері, демократиялық елдер халықтарының, әсресе, туысқан қытай халқының әндері өте аз.

Львов мемлекеттік филармониясы коллективінен біздің тілектеріміз осы кемшіліктерді жойып, репертуарларын жаңа әндермен байыта түссе екен дейміз.

Облысымыздың еңбекшілері туысқан украина артистерінің концерттеріне разы болып, олардың келешекте жаңа творчестволық табыстарға жетісуіне тілектестіктерін білдірді.

М. ПРАВДИН.

Петропавл концерт-эстрада бюросының директоры.

Озат тәжрибе туралы кітапша

Облыстық ауыл шаруашылығы насихаты басқармасы Ленин ауданы, Образцовой МТС-нің комсомол- жастар бригадасының бригадирі Н. Попов жолдастың «Тың және тыңайған жерлерді игеруде трактор жұмыстарын ұйымдастыру туралы менің тәжрибем» деген кітапшасын басып шығарды.

Бригадасының есепшісі болып Ярославль облысы, Краснодар ауданының Мостов МТС-нен келген Леонид Калашников жолдастар белгіленді. Ал, бригада мүшелерінің көпшілігі еліміздің басқа қалалары мен туысқан республикалардан келген патриоттар.

Бригада мүшелері социалистік жарыс-

«БОЛГАР ҰЛТТЫҚ КОМИТЕТІ» ДЕЙТІН ҰЙЫМ—АМЕРИКАН РАЗВЕДКАСЫНЫҢ ҚОЛШОҚПАРЫ

СОФИЯ, 30 сентябрь. (СОТА). Кеше Болгар телеграф агенттігінде эмигранттық «Болгар ұлттық комитетінің» Болгарияға қайтып келген бұрынғы екі қайраткері—Петр Трифонов пен Милорад Младеновтың баспасөз конференциясы болды. П. Трифонов өзінің мәлімдемесінде былай деп атап көрсетті: мен туған отанымма өз еркіммен келдім, ал батыстағы реакцияшыл баспасөз бен радионың Трифонов пен Младеновты «күшпен ұстап» әкетіпті-мыс деп көрсеткен айқай-шуы қалған эмигранттардан Трифонов пен Младеновтың өз еліне қайтып келуінің шын себептерін жасыру үшін қалған эмигранттарды қорқыту мақсатын көздейді.

Біздің туған отанға қайтып келуіміз тегін емес, деді Трифонов, Австрия мен Батыс Германиядағы «ұлттық комитеттің» өкілдері және бұл елдердегі «жасыл интернационалдың» өкілдері болған кезімізде,біз өзіміз душар болған жағдайды жиі- жиі ойластырдық. Соңғы кездегі халықаралық оқиғалар және Совет Одағының халықаралық проблемаларды реттеу жөніндегі ұсыныстары, халықаралық шиеленістің бәсеңдеуі, ал екінші жағынан американ империалистерінің саясаты біздің көзімізді ашып, оқиғаларға бүкпесіз тұра қарауымызға көмектесті. Ал, оның үстіне Гемето (болгар халқына сатқындық жасаушы.—**ред**) және ол басқарып отырған «ұлттық комитет» біздің сатқындықтың терең тұңғиығына барған сайын итермелей түсті. Бұлардың ролі, американ империалистері агенттерінің және олардың агрессиялық жоспарларын тіл алғыштықпен жүзеге асырушылардың ролі бізге айқын болды. Американдардың эмигранттарға көзқарасы, бұларды диверсанттар ретінде пайдалануы бізді өз позициямызды қайта қарауға мәжбүр еткен бір себеп болды. Біз отан алдындағы зор айыбымызды түсіндік, соғыс өртін тұтандырушылар қолдан отырған геметолық эмигранттық тобырлардың қылмысты сатқындық мағнасын түсіндік. Халықтық үкметтің кешірімділігіне үміт артып, біз туған отанға қайтып келдік, міне кәзір бостандықпен пайдаланып отырмыз, дегіміз сау, зақымға ұшырағанымыз жоқ.

Геметоның көмегімен американдар құрған «ұлттық комитет» дейтіннің әрекетіне тоқтай келіп, Трифонов былай деп атап көрсетті: бұл комитет американдардың қолдауымен және олардың қаржысынан американ разведкасы үшін және Болгарияда бүлдіру әрекеттерін жүргізу үшін диверсанттарды үйрететін, кадрлар даярлайтын мектепке айналды. Гемето, деп атап көрсетті Трифонов, американ соғыс өртін тұтандырушылардың жалдамалы агенті болып табылады.

Милорад Младенов та Геметоның және оның «ұлттық комитетінің» американ агенттері екенін әшкерелейтін мәлімдеме жасады. Болгарияда, деді ол, атап айтқанда, біз кең көлемде құрылысқа қатысып, өз еліміздің прогресіне көмектесуге ұмтылып отырмыз, сөйтіп, шетелде болған кезімізде геметолықтар мен олардың американ қожайындарының малайлары ретінде жасаған зор қателіктеріміздің ісі-

А. Я. Вышинскийдің БҰҰ Бас Ассамблеясының председателіне хаты

НЬЮ-ЙОРК, 1 октябрь. (СОТА). ССРО делегациясының басшысы А. Я. Вышинский сессияның күн тәртібіне «қытай теңіздері ауданында теңізде жүзу бостандығын бұзушылық туралы» пунктті енгізу жөнінде БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясының председателі Ван Клеффенске хат жолдаған. Хатта былай делінген:

30 сентябрь 1954 жыл.

Қадірлі председатель мырза, осымен бірге Сізден Бас Ассамблеяның IX сессиясының күн тәртібіне маңызды және жедел шешуді қажет ететін мәселе ретінде «қытай теңіздері ауданында теңізде жүзу бостандығын бұзушылық туралы» пунктті енгізуіңізді сұраймын.

Жұмыс жүргізу ережесінің 20 пунктіне сәйкес бұл мәселе жөнінде түсінік хатты қоса жіберіп отырмын.

Құрметпен А. Я. Вышинский,
ССРО делегациясының басшысы.

Қытай теңіздерінің ауданында теңізде жүзу бостандығын бұзу туралы түсінік хат

Соңғы уақыттарда гоминдандық соғыс теңіз кемелері таралынан қытай теңіздерінің ауданында түрлі елдердің кемелеріне қарақшылық шабуыл жасау және басып алу оқиғалары жиіленді. Мұндай қылмысты әрекеттердің құрбандығының бірі үстіміздегі жылдың 23 июнінде чанкайшиліктер басып алған және осы уақытқа дейін бостатымай отырған, соның өзінде, кейбір қолда бар мәліметтерге қарағанда экипаждары дөрекі күштеушіліктерге ұшырап отырған совет «Туапсе» танкері болып табылады.

Қылмысты әрекеттердің енді бір мысалы гоминдандық соғыс теңіз күштерінің істеміздегі жылдың 13 майында «Президент Готвальд» және 1953 жылдың 4 октябрінде «Праца» сауда кемелерін басып алу болып табылады.

Сол сияқты чанкайшиліктердің Данияның, Англияның және басқа елдердің сауда кемелеріне жасаған қарақшылық әрекеттері сияқты оқиғалар да бар.

Мұндай әрекеттер ашық теңізде еркін жүзудің жалпыға бірдей қабылданған принциптерін өрескел бұзу және қылмыс болып табылады, мұны Бас Ассамблея үзілді-кесілді айыптауға тиіс, өйткені бұл әрекеттерге тек қана чанкайшиліктер жауапты емес, сонымен бірге оларды қолдап отырушылар да жауапты.

ССРО делегациясының пікірі бойынша, жоғарыдағы айтылғандар Бас Ассамблеяның күн тәртібіне маңызды және жедел шешуді қажет ететін мәселе ретінде бұ пунктті енгізуге негіз болып табылады.

А. Я. Вышинскийдің БҰҰ Бас Ассамблеясының председателіне хаты

НЬЮ- ЙОРК, 1 октябрь. (СОТА). БҰҰ Бас Ассамблеясы тоғызыншы сессиясындағы ССРО делегациясының басшысы А. Я. Вышинский Бас Ассамблеяның председателіне хат жолдады, онда былай делінген:

«Осымен Сізден Бас Ассамблеяның тоғызыншы сессиясының күн тәртібіне маңызды және жедел шешуді қажет ететін мәселе ретінде «атом, сутегі және басқа жаппай қырып -жоятын қаруларды қысқарту және тыйым салу жөніндегі мәселе бойынша халықаралық конвенция (договор) жасау туралы» пунктті енгізуіңізді сұраймын.

Председатель мырза, Сіздің бұл мәселе жөніндегі қарар жобасын Бас Ассамблеяның ресми документі ретінде таратуға нұсқау беруіңізді сұраймын».

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

НЬЮ-ЙОРК, 30 сентябрь. (СОТА). БҰҰ Бас Ассамблеясының кеше күндізгі пленум мәжілісінде жалпы дискуссияның жалғасы болды. Дискуссияда Панаманың, Оңтүстік Африка Одағының және Кубаның өкілдері шығып сөйледі.

Панама мен Кубаның өкілдері нашар өркендеген елдерге және атап айтқанда, Латын Америкасы елдеріне экономикалық көмекті арттыруды жақтайтын пікір айтты. Кубаның өкілі сонымен бірге нашар өркендеген елдерге жеке меншікті капиталдың көп жеткізілуін жақтады. Панаманың өкілі, сыртқы істер министрі Гисадо Хауіпсіздік Советіндегі тұрақты мүшелердің бірауыздылық принципінен бастартуға шақырды.

Оңтүстік Африка Одағының делегаты өз еліндегі нәсілдік кемсітушілік туралы мәселенің күн тәртібіне енгізілгеніне наразылық білдіріп, Бас Ассамблея өзінің міндетіне кірмейтін мәселелермен барған сайын көп шұғылданып отырмыс деп мәлімдеді.

Куба мен Оңтүстік Африка Одағының делегаттары атом қуаты жөнінде халықаралық орган құру туралы мәселе талқыланысын деген АҚШ-тың ұсынысын қолдады.

* * *

НЬЮ-ЙОРК, 1 октябрь. (СОТА). БҰҰ Бас Ассамблеясының 30 сентябрьдегі күндізгі пленум мәжілісінде жалпы айтыс-

ке толық құрамымен келді. Барлық елдердің делегаттары, сол сияқты мәжіліске қатысып отырған қонақтар Со-

«ҚАРЫНДАШ ПЕН ФОТОАППАРАТ ҰСТАП, КҮНДЕЛІКТІ ОРЫС ТҰРМЫСЫН ШОЛЫП КӨРЕЙІК»

Г. Лохтың Совет одағы туралы кітабы

БЕРЛИН, 30 сентябрь. (СОТА). Берлиннің «Культур унд фортшрит» баспасы Германияның либералдық-демократиялық партиясының председателі, ГДР премьер министрінің орынбасары Ганс Лохтың «Қарындаш пен фотоаппарат ұстап, күнделікті орыс тұрмысын шолып көрейік» деген кітабын басып шығарды. Жол әңгімелері жанрында жазылған, көлемі 353 бет кітапта оның авторы оқушыларға совет халқының тұрмысы жайында алған әсерлерін айтқан. Г. Лохтың кітабында Совет Одағының астанасы—Москваға көп теген беттер арналған. Автор Москва кәсіпорындарындағы ең тамаша техникаға қызыға шаттанып, еңбекшілердің жұмыс жағдайы мен жалақысы туралы, заводтар мен фабрикаларда мамандық үйрену ісінің қалай жүргізіліп отырғаны туралы, совет әйелдерінің өндірістегі белсенді жұмысы туралы, әйелдердің еңбегін жеңілдететін балалар яслилері мен бақшаларының жүйелері туралы баяндап берген.

Москваның университетін, Москва театрларын, Максим Горький атындағы көшені, «Москва» қонақ үйін, Москваның басқа да тарихи орындарын суреттеп жазуға кітапқа көп орын берілген. Кітапта астана құрылысының ең алуан жақтары баяндалған. Сауда ісінің қалай жүргізіліп отырғанына, москвалықтардың жігерлі еңбегіне, олардың тұрмысы мен мәдениетті демалысына көп көңіл бөлінген.

Г. Лох өзінің кітабындағы тараулардың бірін алуан түрлі совет адамдарымен сөйлескен өз әңгімелерін жазуға арнаған, совет еңбекшілерінің қамтамасыз етілген және мәдениетті тұрмысы туралы, олардың бейбіт құрылыстары, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық үшін күрестегі табыстарды есеп арттыра беруге берік бел байлаған жігері туралы айтқан.

«Сталинград» деген тарауда Г. Лох бұл даңқты қаланың қаһармандық тарихын қысқаша баяндап, гитлершіл басқыншыларға қарсы соғыс кезінде оның ерекше маңызы болғанын атап көрсеткен. Кітапта Сталинград еңбекшілерінің қаланы қалпына келтіріп, онан әрі құрылыстар салу ісіндегі қаһармандық күш-жігері, сонымен қатар толық мағналы қоғамдық және мәдени тұрмысы көрсетілген.

Автор кітаптың едәуір бөлегін Совет Одағының курорттарын, атап айтқанда, Сочиді баяндап беруге арнаған. Ең тамаша санаторийлер мен демалыс үйлерінің зор жүйесі өздерінің қарамағына берілген еңбекшілердің денсаулығы мен демалысына Совет Үкметінің жасап отырған қамқорлығы да Лохқа зор әсер еткен.

Г. Лох кітабының соңғы бөлімінде совет мемлекеті өзінің алғашқы құрылған кезінен бері халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық саясатын жүргізіп келеді деп атап көрсеткен. Осыған байланысты Лох Совет Үкметінің бірқатар тиісті ұсыныстарын, атап айтқанда, Европа да коллективтік хауіпсіздік системасын құруға бағытталған ұсыныстарын еске салған.

Кітап Совет Одағы тұрмысының ең алуан жақтарын бейнелейтін көптеген фотосуреттермен безендірілген.

Мұнда бұрын қаладағы шағын двигательдер заводында механик болып істеген, қазір Образцовой МТС-нің комсомол-жастар трактор бригадасының бригадирі Н. Попов жолдастың трактор бригадасындағы жұмысты үлгілі ұйымдастырудағы тәжрибелері баяндалған. Оның көмекшісі болып Горький облысынан келген комсомолец Михаил Каратаев, ал, оның

мысының жылдық жоспарын 200 процент орындап шықты. Ал, әрбір 15 аттық күші бар трактормен 1300 гектардан астам жер жұмыстады. Кітаншада бригада мүшелерінің осындай тамаша табыстарға жетудегі үлгілі тәжрибелері баяндалған.

Ж. САҒИТОВ.

Фельетон

„Таяқ жемейін десең, арақ бер“

Мәнадан бері көшеде ойнап жүрген балалар ауылға адуын жүріспен ағыза шауып келген салт аттыны көргенде қырғый тиген торғайдай бет-бетімен қаша жөнелді.

—Сейіт келе жатыр, Сейіт, басып кетпесін, —деседі олар бір-біріне.

Әлгі салттыны көрген көшедегі үлкендер де жылдам басып үйлеріне асығыс кіріп жатты. Ал, ауылды абыржытқан адұын адам колхозшы Мәлгаждар Әбілқалықовтың үйінің алдында балағат сөздерді жаңбырдай жаудырып, айғайымен ауылды басына көтеріп жатты.

—Көзіңді ағызып жіберейін бе! Неге үйінде отырсың, сағаң үйге кел деп кім рұқсат берді, —дейді ол айғайлап.

—Түскі тамаққа келдім, қазір қайта барамын, —деп жауап берген Мәлгаждарға салт аттының қолындағы доғыр қамшы сарт-сарт тиіп те қалды. Қолының «қышуы» қанғанша біраз сабағаннан кейін, ол екінші үйге кірді. Үйдің ішінен «өлтірді» деген ащы айғайдың шығуы оның бұл үйде де өз «өнерін» көрсетіп жатқанын айтпай-ақ ұғындырғандай еді.

Салт аттыны ол үйден әзер деп шығарған қарт колхозшы Әлім болатын.

—Ашуыңды бас, біздің үйге барайық, шай ішейік,—деді ол. «Шай» деген сөзге жібі қалған әлгі салтты қарттың үйіне бет алды. Бірақ, қарттың «шайы» ол ойлағандай болып шықпады. Сондықтан да ол:

—Мені әдейілеп шақырған шайың осы су ғана ма? Арақсыз шайды ас деп есептеген емеспін. Босағаңа қарап қалған жоқсың ғой, бригадирге бір жарты тауып бере алмайтын, қақпас, —деді де, орнынан атып тұрды. Қайнап тұрған самауырды бір теуіп, оған қоса үй иесі қартты бір қойып, сыртқа шықты. Енді аздан соң ол трактор бригадасына қарай күйіндата шауып бара жатты. Қызарған көзі мен ентіккен дем алысы оның арақты аз ішпегендігін аңғартады. Ал қалтасында тағы да шыны көрінеді. Міне, ол оны ат үстінде тұрып-ақ босатып тастады.

Салт аттының трактор бригадасындағы «өнері» ауылдағыдан да асып түсті. Арақтың әсерінен тұманданған ой-

сана оның бас-бұзар мінезін өршіте түсті: Оның енді трактор жүргізгісі келді. Зябь айырып жүрген тракторшы Нұрмұқановты тоқтатып, одан рульді беруді талап етті.

—Менің тракторшылықты үйренгім келеді. Маған бер, мен жүргіземін, —деп өңмеңдеді ол. Оның айтқанына көнбеген Нұрмұқановты темір кілтпен басқа бір салып, қанға бояды. Арашаға түскен тракторшылар Т. Александан мен В. Бекте «алты таяқ» сыбағасын алып, соққыға жығылды. Салт атқа мініп сойылмен жүртты жапырып жүрген оның бетіне көзір қарсы келуге ешкімнің батылы бармады. Шынында да жайшылықтың өзінде «жатқан-тұрған дау жоқ па екен» деп ізденіп жүретін сотқарға кім қарсы келсін!

Жазықсыз колхозшылар мен механизаторларды жәбірлеп жүрген бұл бейбастақ Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозының бригадирі Сейіт Медетов деген алаяқ болатын. Талай жерді шарлап, талай қызметтің басын шалып жер қарлаған бұл басбұзар көзір колхозшыларды жаныққысыз жәбірлеуді әдетіне айналдырды. Сейіттің соққысынан апта бойы төсек тартып жатып қалған Файзолла Мұқышев, Ғаббас Өміржанов дегендер, міне бригадирдің көңіл күйін таппағандар еді.

Жуырда Сейіт Медетов тағы да бір «өнерді» бастады. Баласын сүндеттетіп, батаоқырды жиілеткендігін, әйелін бақсыға «емдетіп», колхозшыларды жәбірлегендігін баспасөзге хабарлаған Кәбдолла Құсайыновтан кек алудың амалын ізденжанталаса бастапты. Қымс етсе қыйқу шығарып, бірдеме десе жұдырық жұмсап білгенін істеп жүрген көрінеді.

Бұл күндері Сейіт «бригадирден таяқ жемейін демесең, арақ бер» деп, өз «өнерін» өршіте түсіпті.

Ал, бұл мәселе колхоз партия ұйымында сөз болмай қалған жоқ. Бірақ, Совет аудандық партия комитетінің Совет МТС-і аймағы бойынша секретарь Сәдуовтың және басқаларының қолдауымен коммунист Медетов өзінің жолсыздығы үшін жазасыз қалып келеді.

Қашанға дейін?!

Т. ЕСІЛОВ,
С. ӘЛІМОВ.

БИРМАДАҒЫ ЧАНКАЙШИЛІК ӘСКЕРЛЕР СОЙҚАНДЫҚ ЖАСАУДА

Бирманың БҰҰ-ға берген шағымы

НЬЮ-ЙОРК, 30 сентябрь. (СОТА). Біріккен Ұлттар Ұйымының секретариаты гоминдандық әскерлердің агрессиясына қарсы Бирманың шағымы жөнінде Бирма үкметінің БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясына жазған баяндамасын жариялады.

Баяндамада, атап айтқанда былай делінген: Бирманың территориясында осы уақытқа дейін 6 мыңға жуық чанкайшилік солдаттар мен офицерлер әрекет жасап келеді. Бас Ассамблеяның VIII сессиясының гоминдандық әскерлерді Бирмадан жедел және толық әкету туралы қарарынан кейін, деп көрсетілген баяндамада, жағдай сәл ғана жеңілдеді. Бірақ, хауіп әлі де жойылған жоқ. Соңғы уақытта қалған әскерлерді қайта ұйымдастыруға әрекет жасалған және алынған хабарларға қарағанда, гоминдандық әскерлер қайта топтасып, Тайланд, Бирма шекарасының солтүстік секторына орналасқан... Сингапур мен Бангконгтағы антикоммунистік деп аталатын кейбір ұйымдар Бирмадағы осы әскерлерді ұстауға 600 мың американ долларын беруге уғарды деген қорқынышты мәліметтер келіп түсуде».

Баяндамада былай делінген: чанкайшилік әскерлер Бирма жерінде сойқандықтар жасап, опиум сатумен шұғылдануда, жалған банкноттар жасап шығаруда, тағысын тағылар.

Бирма үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымынан «бұл проблеманы толығымен жою», үшін, ягный гоминдандық әскерлердің әкетілуін және Бирманың хауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде өзіне көмек көрсетуін сұрайды.

ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ ШЕТЕЛДІК БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ БҰЛДІРУ ӘРЕКЕТТЕРІ

ДЖАКАРТА, 1 октябрь. (СОТА). Индонезия баспасөздері былай деп хабарлайды: Бандунгте бір голландиялық плантатордан қару-жарақ қоймасы табылған және Джакартада «Дар уль-Ислам» бандасын қолдайтын бір топ голландықтар тұтқынға алынған.

Газеттер голландық капитан Шмидке жасалған сот процесі туралы көлемді есептер жариялаған, Шмидт құрамында 20 мыңнан астам «солдаттар мен офицерлер бар» жасырын құрылған соғыс отрядтарының басшысы болып табылады. Есептерден көрініп отырғанындай, бұл отрядтар мен «Дар уль—Ислам» бандаларын «Стандарт вакуум компани» американ бірлестігі, «Борсумей» голландағылшын сауда бірлестігі, «Интернатио» голланд сауда бірлестігі және басқалары жабдықтап отырған.

Совет Одағының және Грецияның өкілдері қатысты.

Бас Ассамблея ССРО делегациясының басшысы А. Я. Вышинскийдің сөзін зор ынта қойып тыңдады, ол өзінің сөзінде бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті және халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін БҰҰ шешуге тиіс аса маңызды халықаралық проблемалармен оны шешудің жолдарына тоқталды. А. Я. Вышинский герман проблемасына, Европа мен Азияда бейбітшілікті қамтамасыз ету мәселелеріне, сол сияқты қару-жарақты қысқарту және атом, сутегі қаруларына тыйым салу жөніндегі мәселелерге толық тоқталды. А. Я. Вышинский өзінің сөзінің ақырында «атом, сутегі және басқа жаппай қырып-жоятын қаруларды қысқарту және тыйым салу жөніндегі мәселе бойынша халықаралық конвенция (договор) жасау туралы» совет қарары жобасының текстісін жариялады.

Бас Ассамблеяның мәжіліс залы, Ассамблеяның жұмысы басталғаннан бергі күндердің бәрінен ерекше, кеше халыққа лық толды. ССРО өкілінің сөзін есту үшін көптеген елдердің делегациялары мәжілісына өздерінің ниеттерін ұзақ қолшапалақтаумен білдірді.

А. Я. Вышинскийдің сөзі және совет қарарының жобасы батыс елдердің кейбір делегаттарына өте-мөте күшті әсер етті. Бұған мысал ретінде, атап айтқанда, мына фактіні айтуға болады: американ өкілі Лодж бен ағылшын өкілі Ллойд Ассамблеяның мәжілісінен кейін іле-шала бұл әсердің күшін әлсірету мақсатымен баспасөз үшін мәлімдеме жасауға асықты. Совет қарары жобасының жаңа мазмұнды ұсынысы барлығын мойындауға мәжбүр болған американ және ағылшын өкілі өздерінің мәлімдемелерінде совет қарарының бірқатар пункттері әбден «түсінікті емес» деді.

Англия делегаты Ллойд былай деп мәлімдеді: совет қарар жобасының енгізілуіне байланысты ол өзінің сөз сөйлеуін 1 октябрьден 4 октябрьге қалдыруға мәжбүр болып отыр.

Мәжілістің соңында Грецияның өкілі—сыртқы істер министрі Стефанопулос сөз сөйледі.

БҰҰ секретариатында

НЬЮ-ЙОРК, 30 сентябрь. (СОТА). Біріккен Ұлттар Ұйымының секретариаты Румын Халық Республикасы мен Болгар Халық Республикасы үкметтерінің өздерін Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне алуды сұраған өтініштерінің текстерін жариялады.

Сонымен қатар Непалл үкметінің хаты да жарияланды. Бұл хатта Непалды БҰҰ мүшелігіне алуға өтініш білдірілген.

Италияның депутаттар палатасында

РИМ, 1 октябрь. (СОТА). Кеше кешке Италияның депутаттар палатасында үкмет құрамындағы өзгерістер жөніндегі мәселені талқылау аяқталды.

Италия министрлер советінің председателі Шельба сөз сөйледі. Ол солшыл оппозиция өкілдерінің сындары мен айыптарын мойындамады және үкметтің сыртқы саясаты дұрыс деп мәлімдеді.

Бұдан кейін Шельба өзінің Батыс Германияны қаруландыру қажет деп есептейтіндігін айтты.

Дауыс беру жөнінде сөз сөйлеу аяқталғаннан кейін үкметтік үш партия депутаттары енгізген сенім көрсету қарары дауысқа қойылды. 264 дауысқа қарсы, 7 дауыс қалыс қалған жағдайда 294 дауыс көпшілікпен депутаттар палатасы үкметке сенім білдірді.

ВАШИНГТОНДАҒЫ ФРАНКО-АМЕРИКАН КЕЛІССӨЗДЕРІ ЖАЙЫНДА

ВАШИНГТОН, 1 октябрь. (СОТА). Мұнда 27-29 сентябрь аралығында болған Индо-Қытай жөніндегі франко-американ келіссөздері аяқталды. Баспасөздердің хабарынан көрініп отырғанындай, келіссөздер кезінде Индо-Қытайдың саяси, соғыс және экономикалық проблемалары талқыланған.

Баспасөздерде жариялану үшін таңдырылған мазмұндамада келіссөздерге қатысушылардың арасында (Франция мен АҚШ-тың) қол жетуге тиісті мақсаттар жөнінде бірінші рет келісімнің болғандығы атап көрсетілген. Мазмұндамаға қарағанда, Франция өзінің қарулы күштерін «болашақта белгіленуге тиісті көлемде» Лаоста, Камбоджада және Оңтүстік Вьетнамда сақтайды. Мазмұндамадан көрініп отырғанындай, АҚШ французы әскерлерінің бұл 3 мемлекеттерге, келуін қуаттайды және бұл мемлекеттердің «қарулы күштерін қолдауды» үнемі жүргізіп отырады.

Журналистік топтарда мына фактны айырықша назар аударуда: бұл келісім Вьетнамда соғыс қыймылдарын тоқтату жөніндегі Женева келісіміне қайшы келеді. Сонымен қатар, мазмұндамаға қарағанда АҚШ Лаосқа, Камбоджаға және Оңтүстік Вьетнамға тікелей «көмек» көрсетуге право алған. Бұрын мәлім болғанындай, мұндай «көмек» бұған дейін Франция арқылы көрсетіліп келген болатын.

Мазмұндамада Манила договорын (Оңтүстік Шығыс Азияда соғыс одағының негізін қалаған), ол «Азия елдеріне олардың дамуы және олардың тәуелсіздігі мен хауіпсіздігін қолдау ісінде» үлкен көмекші болып табылады- мыс деген негізде, мақтаушылық бар. Ал, мұның өзі бұрын мәлім болғанындай, дүние жүзінің бұл ауданында шиеленісті күшейтуге бағытталған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

„Союзпечатьтің“ органдарында

1955 жылға газеттер мен журналдарға жазылушылар қабылданады.

1954 жылдың 1 октябрінен бастап осы жылдың 16 октябріне дейін 1955 жылға орталық, республикалық, облыстық, аудандық газеттерге және журналдарға мәдени-ағарту мекемелерінен, жеке адамдардан жазылушылар қабылданады.

Осы жылдың 15 октябрінен бастап барлық еңбекшілердің орталық, облыстық және аудандық газеттер мен журналдарға жазылуларына болады.

Газеттер мен журналдарға «Союзпечатьтың» барлық қалалық бөлімдерінде, барлық аудандық байланыс бөлімдерінің конторларында, бөлімшелерінде, агенттіктерінде, кәсіпорындардың, оқу орындарының, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің қоғамдық өкілдеріне жазылуға болады.

Газеттер мен журналдарға мезгілінде және ұзақ мерзімге жазылу газеттер мен журналдардың толық алынуын қамтамасыз етеді.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«КҮТ МЕНІ»

Сеанстар кешкі сағат 8-30 және 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02672. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**